

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫҚ ҰЛАНДАРЫ



**САРЫАРҚА
ҰЛЫТАУДАН
БАСТАЛАДЫ**

3-бет



5-бет

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

**БАЛАНЫҢ ОРАЗА ТҮТУУЫ
ЕКІҰДАЙ ПІКІРГЕ
СЕБЕП БОЛУДА**

6-7-беттер

ЖЕЗҚАЗҒАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЫЛНАМАШЫСЫ

Сонау 1973 жылдың 20 наурызында ССР Жоғары Советі Президиумының Қазақ ССР-інің құрамында Жезқазған және Маңғышлақ облыстарын құру туралы Указы шыққан болатын. Арада ай өтпей, яғни осы 1973 жылдың 13 сәуірі күні Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетінің № 1 нөмірі жарық көрді. Сол күннен бастап жез бұлағын ағызған Жезқазған облысының даму тарихы газеттің беттерінде таңбаланып келеді.



1990 жылдың 1 қыркүйегінде «Жезқазған туы» атауын ұлтымызға қадірлі «Сарыарқаға» ауыстырғаны болмаса, сол облыстық газеттің мектебі, дәстүрі, ұстанымы, мұрагерлігі күні бүгінге дейін сақталуда. Газеттің көнелігі неше нөмір шығарғанымен анықталатыны белгілі. Біздің аймағымыздағы БАҚ өкілдерінің бұл көрсеткіші төмендегідей екен. Үстіміздегі аптада «Мысты өңір» – 1720, «Подробности» – 3418, «Жезқазганский вестник» – 418, «Шарайна» – 2513-ші нөмірін шығарып отырса, қарашанырақтың бірі «SARYARQA» газетінің 8277-саны оқырманға жол тартты. Әрі осы аптада аймақтың аға газеті «SARYARQA» 49 жасқа толды. Осы орайда келесі жылы жарты ғасырлық мерейтойына ат басын тіреп жатқан барша оқырмандарымыз бен осы жылдар бойында газетте еңбек еткен өріптестерімізге алғысымызды айтамыз! «SARYARQA» – «Жезқазған туының» мұрагері болса, Ұлытау облысы – Жезқазған облысының мұрагері. Жарасымды сабақтастық, жақсы дәстүр жалғасын таба бергей!

Әнуар ОМАР,
«SARYARQA» газетінің бас редакторы.

Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті, КСРО және Қазақстан Ғылым академияларының академигі, Тәжікстан Ғылым академиясының құрметті мүшесі, қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты Қаныш Сәтбаевтың есімі тек Жезқазған, жалпы Қазақстан жұрты үшін ғана емес, алыс-жақынды шетел ғылымына жете таныс.

АҢЫЗ ТҰЛҒА РУХЫНА ТАҒЗЫМ



1899 жылы Павлодар облысының Баянауыл өңірінде дүниеге келген ол сол кезеңдердегі өзге ұлт зиялылары сияқты сауатын ауыл молдасынан ашқан оның қазақтың маңдайына біткен ғалым атанатынын ешкім де болжамаған еді. Болашақ ғалым Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде, Семей мұғалімдер семинариясында, Томск технология институтының тау-кен факультетінде білім алған. Мұғалімдер семинариясында Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов сынды көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған ол «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне де барынша қолдау білдірген. 1920-1941 жылдары Баянауылда халық судьясы, «Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақтай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған. 1941-1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан Ғылым академиясының президенті міндеттерін асқан жауапкершілікпен атқара білді. Талантты да талапты, білімді де білгір, Отансүйгіш ғалым әміршіл-әкімшіл жүйе қыспағына ұшырамай қоймады. 1952 жылы билеуші тараптың қысымына ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарды.

Қаныш Имантайұлының қазақ түсті металлургиясының алтын бесігіне айналған Жезқазған аймағына сіңірген еңбегі айрықша. Кенгір су қоймасы жанынан мысты қаланың бой көтеруді, осы жерде тіршілік қатынасының жандануына қосқан ғалым еңбегін кез келген жезқазғандық жақсы біледі. 1942 жылы Қаныш Сәтбаев Жезқазғанға арналған ғылыми еңбегі үшін геология-минералогия ғылымдарының докторы атағына ие болды. Сол жылы «Жезқазған ауданының кен орындары» атты ғылыми еңбегі үшін Мемлекеттік сыйлық берілді. Ол жер асты қазба байлықтарын зерттеп қана қоймай, өлке тарихына да назар аударды. Аймақтағы тарихи құнды жәдігерлер туралы сөз етілген «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» еңбегінде біршама тың деректер келтірді.

12 сәуір – қазақ ғылымының жарық жұлдызы Қаныш Сәтбаевтың туған күні. Дәл осы күні республика бойынша атап өтілетін ғылым қызметкерлері күні академиктің туған күнімен тікелей байланысты. Осынау қос қуаныш қатар келген күн біздің қаламызда да жыл сайын өз нақышында ерекше әсілеттеледі. Биыл да Қанышын қадір тұтқан Жезқазған жұрты Сәтбаев ескерткішінің алдына жиналды. Туғанына 123 жыл толған ғалымды еске алу жиынында алғашқы болып сөз кезегін қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова алып, ұлтына адал қызмет еткен ердің ерлікке бергісіз дара да даңқты жолын үлгі ететіндігін жеткізді. Одан әрі О. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің президент-ректоры Әбділмәлік Тәкішев пен «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров тарих беттерін түйген тағылымды ойларын ортаға салды. Сондай-ақ, О. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің оқытушысы Рауған Нұрмағамбетова қала жастары және жас ғалымдар атынан сөз алып, Қаныш Имантайұлына арнап шығарған өлең шумақтарын оқыды. Шара соңы аңыз тұлғаның ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен жалғасты.

Ақниет
ТАҒЫБЕРГЕН. (МТ)

СЕССИЯ

МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ

VII шақырылған қалалық мәслихаттың кезектен тыс XVIII сессиясы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы негізінде жаңадан құрылғалы жатқан Ұлытау облысының құрамына орталық ретінде Жезқазған қаласының қосылуына арнады. Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Әбдрахман Досанов, қала әкімінің міндетін атқарушы Ербол Құсайынов және депутаттар, БАҚ өкілдері қатысқан сессияда облыс аумағын бекіту мәселесі кеңінен талқыланды.



«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауы еліміздің болашақ дамуы мен ертеңгі күнге бетбұрысын айқындап берді. Жолдауда саяси реформалар мен әлеуметтік, экономикалық бағыттарда атқарылатын іс-шаралар туралы айтылды. Яғни, Жолдау Қазақстан тарихының жаңа парақтарын ашып берді. Қазақ халқының әрбір азаматының көкейінде жүрген мәселені шешу жолына арналған жаңа Жолдау еліміздің дамуы мен халқымыздың тыныс-тіршілігінде біршама жаңашылдықтың болатынын көрсетіп бергендей, – деген сессия төрағасы Абдрахман Досанов Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа облыс құру туралы шешімін қолдайтындығын білдірді.

Сессияда қала әкімінің орын-

басары Ербол Құсайынов: «1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы» туралы Заңының 9, 13-бабына және Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауына сәйкес Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың әкімшілік орталығы Жезқазғанда орналасқан Ұлытау облысын құру туралы бастамасын қолдауларыңызды сұраймын!», – деді. Ұсынысты барлық депутаттар бір ауыздан қолдап, сессия шешімі қабылданды.

Одан соң сөз алған Раушан Қапарова да Президент Жолдауы көңілге сенім ұялатқанын, жаңа облыстың құрылуы экономикалық және рухани тұрғыдан серпіліс беретінін тілге тиек етті.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН. (МТ)

«Әкімдер – биліктің әрбір елді мекендегі тікелей өкілі. Жұрт олардың қызметіне қарап бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін бағалайды. Сондықтан тиімді мемлекет және әділетті қоғам талаптарына сай болу үшін алдағы сайлауды дұрыс ұйымдастыру өте маңызды» деген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдан бастап елімізде ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу туралы тапсырма бергені баришамызға мәлім. Осыған байланысты Кеңір селолық округінде әкім сайлауы өтті.

ДАУСЫН БЕРГЕН ХАЛЫҚ ҮМІТІН ДЕ АРТАДЫ



Селолық округке әкім болуға екі үміткер қатысты. Олар «Аманат» партиясы ұсынған кандидат Алматы Саухимов пен өзінің ұсыну бойынша Гүлдерай Үсенова. Сайлау мақсаты – ауыл тұрмысын түзеу. Осыған орай тікелей таңдау жасауға мүмкіндік алған ауыл халқы белсенділік танытты. Жалпы сайлаушылар саны – 1938 адам болса, оның 1468-і сайлауға қатысты. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі және егде жастағы адамдар үшін үйден дауыс беруге жағдай жасалды. Сайлау қорытындысы бойынша Алматы Саухимов 67,18 пайыз дауыс жинап, яғни, 1302 сайлаушының таңдауымен ауыл әкімі болды. Қалған 32,47 пайыз дауыс Гүлдерай Үсеноваға тиесілі. Негізінен ауыл әкімінің өкілеттік мерзімі заң жүзінде төрт жыл. Жоғарыдағылардың айтуынша, осы аралық халықтың сенімін арқалап қызметке сайланған әкім ауылды көркейтуге, ауыл халқының жағдайын жақсартып, сайлауалды бағдарламасында көрсеткен жұмыстарын жасауға жеткілікті.

Олай болса, былтырғы Жолдауында «Алдағы сайлау біз жүзеге асырып жатқан саяси реформаларға тың серпін береді деп сенемін. Сондай-ақ, тұрғындарды ел басқару және шешім қабылдау үдерісіне тартуға жол ашады» – деген ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сеніміне біз де үміт артып, жаңа әкім сайлаушылардың сенімін ақтасын дейік!

Жаннұр ТІЛЕМІСОВА. (МТ)

АҚПАРАТ АРНАСЫ

Жеңілдетілген
автонесиенің тәртібі
бектіліп, ресми шешім
шығарылды

Жеңілдетілген автонесиенің тәртібі бектіліп, ресми шешім шығарылды. Бағдарлама сәуірдің аяғында басталады. Нақты күні әзірге белгісіз.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің айтуынша автонесиеде аса өзгерістер болмайды. Ең жоғары қарыз көлемі 10 миллион теңге. Мерзім 7 жылға дейін. Мөлшерлеме 4 пайыз. Көлік қазақстанда құрастырылған және оның бағасы 15 миллион теңгеден аспауы керек. Ал алғашқы жарна міндетті емес. Сондай-ақ көп балалы аналарға, күштік құрылым қызметкерлеріне, дәрігерлер мен мұғалімдерге қосымша жеңілдік жасау көзделген. 100 миллиард теңге бөлінген бағдарлама ашық және әділ өтуі үшін кезекті онлайн бақылау жүйесі іске қосылады. Сондай-ақ министр көліктерді ресейліктер сатып алып жатқандықтан тапшылық болуы мүмкін деген ақпаратты жоққа шығарды. Қайырбек Өскенбаев бұған жол бермейміз дейді.

«Қазақтелеком»
акцияларының 28,8%
мемлекет меншігіне
қайтарылады

«Қазақтелеком» акцияларының шамамен үштен бірі мемлекет меншігіне қайтарылады. Бүгін Үкімет осындай қаулы қабылдады.

Алпауыт компанияның 28,8 пайызы «Skyline Investment Company» және «Alatau Capital Investment» компанияларынан сыйға тарту шарты бойынша мемлекетке өтіп отыр. Барлығы 3 миллионнан астам акция. Айта кетейік, «Қазақтелекомның» қомақты қаржысын жымқырды және қызметтік өкілетін асыра пайдаланды деген күдікпен ұсталған Қайрат Сатыбалды да компания акцияларының 28,8 пайызына иелік еткен еді.

Жаңа үш облыстың
атаулары мақұлданды

Республикалық ономастикалық комиссия елімізде құрылатын Абай, Ұлытау және Жетісу облыстарының атауларын бірауыздан мақұлдады.

Комиссия отырысы Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаевтың төрағалығымен өтті. Жиында мемлекет меншігіндегі жекелеген нысандарды, Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Павлодар қалаларындағы көшелерді қайта атау мәселелері де қаралды. Енді комиссияның қорытындысы дайындалып, одан әрі жұмыс істеу үшін облыстардың әкімдіктеріне жіберілетін болады. Бұған дейін комиссия Қашағай қаласын Қонаев деп қайта атау туралы оң қорытынды берген болатын.

Қазақстан Ресейдің «Байқоңырды» жалдау ақысын қымбаттатты. Еліміз көрші Ресейдің «Байқоңырды» жалдау ақысын 3,2 млрд теңгеге қымбаттатты. Қайта қаралған биылғы бюджет жобасында Ресей «Байқоңыр» кешені үшін осы жылы 52 млрд 143,5 млн теңге төлеуі тиіс деп бекітілген. Сондай-ақ, жалдап отырған әскери полигондарға – 9 млрд 217,9 млн теңге ақы төлейді. Мамандарының мәліметінше бұл өзгеріс теңге бағамының АҚШ долларына шаққанда нақты өзгеруіне байланысты. Жалпы, ел арасындағы мәміле бойынша ғарыш айлағы кешенін қолданғаны үшін Мәскеу жыл сайын республикамызға 116 млн доллар төлеп тұрады. Ал, әскери полигондарды қолданғаны үшін 20 млн доллардан астам қаржы төлеуге міндеттелген.

Ұлттық арна сайтынан алынды.

КЕЗДЕСУ ЗАЛЫН
ПОЛИЦЕЙЛЕРМЕН ТОЛТЫРҒАН

БАСШЫЛАР ХАЛЫҚТАН НЕГЕ ҚАШАДЫ?

Қала тыныштығы мен қауіпсіздігі полиция қызметкерлерінің жұмысына тікелей байланысты. Бұл мәселе Жезқазған қалалық полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Ерлан Есжановтың биылғы жылдың үш айын қорытындылаған есеп беру жиынында кеңінен талқыланды.



Ерлан Есжановтың айтуынша, ұрлық-қарлық деңгейі төмендегенімен, интернет-алайық өршіп тұр. Қазіргі таңда өзін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке куәлік нөмірін, жеке сәйкестендіру нөмірі немесе ұялы телефонға жіберілген код нөмірі арқылы құрыққа түсіріп, сан соқтыратындар көбейіп кеткен. Осылайша жеке есепшотынан ақша жоғалту немесе алаяқтардың кредит рәсімдеу фактілері жиі орын алууда.

Есірткімен ұсталу жағдайлары да көбейген. Былтыр бұл жайғқа қатысты 9 құқықбұзушылық тіркелген. Ал биыл бұл көрсеткіш 15-ке жетті. Оның ішінде алтауы – қылмыстық. Жылдың үш айында нашақорлардан 17 г марихуана және 50,559 г экстракцияланған апиын тәркіленген.

Жалпы қаламыз бойынша нашақор санатында 137 тұлға есепте тұр екен. Оның 120-сы – ер адам болса, қалған 17-сі – әйелдер.

Түнгі уақыттарда балаларды ата-ана қараусыз жіберуге болмайтын бәрі білсе де, оны іс жүзінде орындайтын қарасы аз. Соның дәлелі – ағымдағы жылдың 3 айында түнгі уақыттары үйлерінен тыс жүргендері үшін әкімшілік кодекстің 442-бабымен 66 жасөспірімнің ата-аналары әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Есеп беру жиынында полиция қызметкерлерінің міндеттерін барынша атқарып жатқанына куә болдық. Дегенмен, тұрғындар арасында жергілікті полицияның жұмысына көңілі толмайтындыр да аз емесі байқалды. Жиында алғашқы болып сұрақ қойған қалалық мәслихат депутаты Раушан Қапарова қазіргі таңда мектептерге жауапты уәкелік полиция қызметкерінің өкілеттігі тоқтағанын айтып, балалардың қауіпсіздігіне жауапты мамандар қашан да қажет екенін еске салды. Аталған сұрақ бойынша Ерлан Есжанов қазіргі таңдағы кадр тапшылығына байланысты осындай шешім қабылданғанын, мектептерді арнайы күзет мекемелерінің мамандары бақылауға алып отырғанын жеткізді.

Одан әрі микрофон тізгінін алған қоғамдық кеңес мүшесі, қала белсендісі Абзал Мулахов көкейдегі қыжылын жеткізбес бұрын, залда отырғандар ішінде қала тұрғындарының саны нешеу екенін сұрады. Погондағылардан бөлек 8 тұрғын көл көтерді. Сол 8-дің ішінде есеп беру жиыны өтіп жатқан «Аманат» партиясы ғимаратының басшылығы мен жастар ресурстық орталығының мамандары да бар тұғын. Осылайша полиция бастығының есеп беру жиынынан саусақпен санарлық қана тұрғын хабардар болғанын жет-

кізген Абзал Мулахов ақпараттық жұмыс, қоғаммен байланыс жеткіліксіздігін қадап айтты.

– Осыған дейін билікті халықтан қорғап келдіңдер. Енді халыққа қамқор болар кездерің жеткен шығар. 80 полицей мен 8 тұрғын жиналған жиынан кімге не пайда?! Сонда кімге есеп бергелі отырсыңдар? – деп сөзін бастаған Абзал Мулахов қазіргі таңда жезқазғандықтарды алаңдататын негізгі мәселелердің бірі қала тазалығы екенін жасырмады.

– Жезқазғанның қазіргі халі адам шошырлық. Тазалық мүлдем жоқ. Облыс дәрежесін алдық деп қуанамыз. Кешірсіздер, біз мына түрмізбен қалай, қандай облыс болмақпыз? Қазіргі таңда қаланың тазалығына жауапты басшылардан қайыр болмай отыр. Өз басымнан мысал келтірейін, осыдан бірнеше жыл бұрын Қарағанды қаласына барған сапарымда шылым шегіп болған соң, тұқылын тастар коқыс жәшігін таппадым. Содан темекі тұқылын көлігінің астына лақтыра салдым. Одан әрі көлігіме отырып, оталдырып жатқан 5 минуттың ішінде 2 уәкелік полиция қызметкері келіп, маған айыппұл салып кетті. Сөйтсем, олар мені бейнебақылау арқылы көріп отырған. Әрине, менікі дұрыс емес екенін білемін. Дегенмен, мен олардың осынша жауапкершілігіне, бақылау жұмысының жеделдігіне дән риза болдым. Ал бізде ше? Бізде коқысты тау қылып үйіп жатқандарға да, жол ережесін есілі-қарсылы бұзушыларға да еш жаза қолданылмайды. Соның салдарынан қаламыз күл-коқыстың астындағы лас, қауіпті қалаға айналды, – деген Абзал Мулахов табиғаты бізге ұқсайтын, әйткенмен тазалығы өте жоғары деңгейдегі көршілес Қызылорда облысының басшыларынан, полиция қызметкерлерінің жұмысынан үлгі алуға шақырды.

Жиында 5 ықшам ауданның тұрғындары да өкпе-реніштерін білдірді. Көптің ойында тек нашақорлар мен қаңғы-бастар мекендейтін аудан сияқты көрінетін бұл жерде де көділігі үлгілі

тұрғындар тұратынын айтқан 5-ықшам аудан тұрғыны уәкелік полиция қызметіне мүлде көңілі толмайтындығын жеткізді.

Аталған жиында Жезқазған мен Сәтбаев қалаларының қоқыстарының дер кезінде тазаланып отыруына жауапты «Сәт Тазалық» мекемесінің жұмысына шағымданған Нұрболат Базарбекұлының көптен бері әлеуметтік желілер арқылы ойын білдіріп жүргенін жақсы білеміз. Бұл жолы «Сәт Тазалықтың» басшысы Әділхан Әметов оның атынан кәсіби беделіме нұқсан келтірді деп 4 млн 466 мың 331 теңге 45 тиын өтемақы талап етіп жатқанын, сондай-ақ үйіне басбұзарлар жіберіп коқаң-лоқы көрсеткенін айтқан Нұрболат Базарбекұлы бұл іс бойынша полиция басқармасына арызданғанымен, әлі ешқандай нәтиже көрмегенін айтты. Осылайша бұл мәселені нәтиже шеш қалдырып, елемей отырғандығын сұраған Нұрболат Базарбекұлына Ерлан Есжанов мән-жайды анықтауды өз бақылауына алып, жауапты қызметкерлер жұмысын қадағалайтынына сендірді.

«Сәт Тазалық» мекемесінің облыс бойынша қызмет көрсету тарифі өте төмен екенін, сол себепті онда жұмыскерлер саны мен техникалардың жеткіліксіздігін тілге тиек еткен қала әкімі Қайрат Әбсаттаров, жуық арада тариф көлемі көтерілетіндігін, соған сай жұмыс сапасына сұраныс та жоғарылайтындығы туралы ақпар берді. Сондай-ақ Жезқазған қаласының қоғамдық кеңесі мақұлдаса, Нұрболат Базарбекұлына Әділхан Әметов те қатысатын жиынға келіп, көкейтесті мәселелерін ортаға салуды ұсынды.

Аталған жиында қоғамдық кеңес мүшесі Бекзат Дайрабайұлы қалалық полиция басқармасы халықпен, БАҚ өкілдерімен байланысты нығайтуы қажеттігі туралы пікірін білдірді.

Жиын соңында барлық ескертпелер мен ұсыныстарға бей-жай қарамайтындығын жеткізген Ерлан Есжанов Жезқазған қалалық полиция басқармасының мамандары тұрғындар қауіпсіздігін басты орынға қойып, өз істеріне жауапкершілікпен қарайтындығын жеткізді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН. (МТ)

Қала тазалығы көңіл көншітпейтіні жасырын емес. Топырағы аспанға ұшып, жері қоқысқа толған Жезқазғанның бүгінгі жай-күйі тұрғындардың қала басшылығы мен жауапты бөлім мамандарына деген наразылыққа себеп болып отырғаны да көпке белгілі. Дегенмен, «Көп жұмылса көл болар» дегендей, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарар болсақ, аталған проблема да жөйілатын болады. Осы мақсатта қала әкімі Қайрат Әбсаттаров тұрғындарды тазалық мәселесіне немқұрайлы қарамауға шақырды.

ТАЗАЛЫҚ –
БАСТЫ НАЗАРДА

9 сәуір күні өткен жалпыхалық сенбілікке қала әкімі өзі бастап шығып, Кеңгір жағасын тазалады. Сенбілікке шыққандардың қатарында Айнұр Түсіпова да бар.

– Мен мектеп ауласын, көшелерді тазаладым. Қала тазалығына алаңдаймын. Өзім туып-өскен қаланың мұнтаздай тап-таза болып тұрғанын қалаймын. Оқушыларыма да коқысты кез келген жерге тастамай, қоршаған ортаны аялауды жиі айтып отырамын. Тазалық бар жерде денсаулығымыз

да жақсы болады. Сол себепті барлық қала тұрғындарынан өзіміз жүретін, өзіміз демалатын жерлерді ластамауға шақырамын, – дейді ол.

Сенбілікке 50-ден аса мекеме қатысып, 30-дан аса көшені қоқыстан арылтты. Нәтижесінде 24 000 т коқыс шықты. Қаланы қоқыстан тазалау жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН. (МТ)

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН!

СӘРСЕНБАЙ АҚСАҚАЛ
СЫР БОЙЫНДА

Қазақстанның 17 облысын, қазір Сыр бойын жаяу аралап шығу үшін жолға шыққан Сәрсенбай Қотырашов сапарының алғашқы он үш күнінде 560 шақырым жол жүріп, Қызылорда қаласына жетуді межелеген еді. Сәрсенбай сәтті күнінде Сәрсенбай ақсақал Сыр бойындағы көне астанамыз – Қызылорда қаласына табан тіреді.



– Әрине, 72 жастағы жиһангер қарияға 56 шақырым жолды жаяу жүріп өту оңайға тиген жоқ. Бірақ бойында қазаққа тән қайсарлық пен жігер бар жиһангез сол қиындықтарды жеңе білді. Жол бойындағы қыстақтарға жетпей қалған күндері далаға да түнеді. Бірнеше рет қол арбасы да сынды. Дес бергенде жолдағы қайырымды жандардың көмегімен бұзылған дүние қалпына келтірілді, – дейді бізбен хабарласқан жиһангездің қолдаушысы һәм күнделігін жүргізіп отырған «Ұлытау» ұлттық тарихи-

табиғи қорық-мұражайының қызметкері Баян Шайғозова.

Баян Шәкарманқызының айтуынша, Сәрсенбай Оспанұлын Сыр бойының халқы асыға күткен. Бейсенбі күні Қызылорда қаласының тарихи-өлкетану музейінің көрме ғимаратында жиһангез Сәрсенбай Қотырашовпен кездесу өтіп, «Ұлытау» фотокөрмесі көрермен назарына ұсынылған. Бүгін жиһангез қасиетті Түркістан қаласын бетке алып, жолға шықты. Сапарын сәтті болсын дейміз біз де.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАН БЕЙНЕ

**Камал СМАЙЫЛОВ:**

Сарыарқа ҰЛЫТАУДАН БАСТАЛАДЫ

Камал Сейтжанұлы СМАЙЫЛОВ. Бұл есім – еліміздегі көзі ашық, көкірегі ояу қауымға жақсы таныс. Кемекенді тану үшін онымен қанаттас өмір кешу керек. Ол – журналист, жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері. Қаламы жүйрік, ойы ұшқыр журналист. Жазушылығын айтпағанда ол қазақта екі рет министр болған санаулылардың санатында. Осындай асыл азаматтың бақилық болғанына да табаны күректей бес жыл толып отыр. Аға рухын ардақ тұтып, өміршең өнегесін өз өмірінің өзегіне айналдырған журналистер қауымы Камал Смайыловты еске ала отырып, бүгін оның бұрын-соңды еш жерде жарияланбаған «Сарыарқа Ұлытаудан басталады» атты мақаласын оқырман назарына ұсынып отыр.



аталатын аймақтың асты мұнай мен газға бай болып шықты. Кейінірек ашылған, жылына 2-5 миллион тонна мұнай беретін Құмкөл – сол мұнай бұлағының басы. Сарыарқаның басты бір қазынасы темір мен марганец осы Ұлытау-Қарсақбайдан сонау Қаражал-Қарқаралыға дейін созылып жатыр.

Шоқанмен бірге сайлауға түсетін белгілі Сандыбайдың Ердені де, Найман Бағаналының төрт босағасының бірі – Бөкеншінің Бабыры да, өз заманының зиялысы танылған Жанайдардың Мейрамы да осы өңірдің біртуар тұлғалары. Бөкеншіұлы Бабырдың мүрдесі сонау қасиетті де қастерлі Түркістанда, Ахмет Иассауи кесенесінде жатыр. XX ғасырдың басында ұлт бостандығы жолында дара көрінген, «Алаш» партиясының басшысы болған, қазақтың тұңғыш экономисі, публицисі Әлихан Бөкейхановтың туған жері, өскен елі осы өңір болып саналады. Ол қазіргі Ақтоғай ауданының Тоқырауын болысында туған. Оның қазақ халқының шығу тегі, тарихы, экономикалық хал-ахуалы, салт-санасы мен мәдениеті, қазақ жерінің табиғи ерекшеліктері мен қиыншылықтарын сипаттап, талдайтын «Қырғыз өлкесінің тарихи таңдырлары және оның мәдени мұралары» деп аталатын еңбегі қазақтарды алғаш рет әлемге таныстырды. Ол 1903 жылы жарияланған «Россия» альманағының 17-томына кірген «Қырғыздар» («Қазақтар») деп аталған табиғи ғылыми мақаланың да авторы. Бөкейхановтың осы екі туындысы Шоқаннан кейінгі қазақтанудың іргесін қалаған еңбектер болып танылды. Әлиханға ілесіп, тетелес шыққан Әліхан Ермеков өз заманының білімген азаматы болған. Тұңғыш математик-ғалым ғылыммен ғана айналыспаған, саяси өмірге де белсене араласқан. Ол Ленинде өткен жиында болып, Ертістің сол жағындағы он шақырым алқапты, сондай-ақ, Жайықтың сол жағасындағы он шақырым алқапты қазақтардың қарамағына беру мәселесін шешуге күш салған. Алаш қозғалысының белгілі де беделді басшысы, білімгер де заңгер Жақып Ақпаев та осы киелі, қасиетті Тоқырауын даласының түлегі. Осы өңірдің асыл бір перзенті қызыл сұңқар Сәкен Сейфуллин қиын да қиямет тұста қазақ елін басқарып, қазақ облыстарын түгел біріктіру, қазақ тілін нығайту, мекемелердегі іс жүргізуді қазақшаға көшіру мәселелерін ұйымдастырған. Қазақ жастар ұйымының жа-

лынды бір жетекшісі Қайсар Таштитов осы өлкенің перзенті. Арқадан шығып, жалынды журналист-публицист Баубек Бұлқышев бүкіл елге танылды. Оның тебіренген сезімге толы бес очерк-толғауы 1942-1943 жылдары «Комсомольская правда» газетінде жарияланды. Оларды қазақ тіліне Ғабит Мүсіреповтің аударуы да, Мұхтар Әуезовтің жоғары бағалауы да тегін емес. Осы өңірдің түлектері, кен зерттеу ғылымының белгілі білгірі Өмірхан Байқоңыров, кен барлау ғылымы жетекшілерінің бірі Айтмұхамбет Абдулин, медицина ғылымының көрнекті қайраткері Төрегелді Шармановтың еңбектері мен есімдері кенді аймақтың тарихи даңқына, бай дәстүріне өз үлестерін қосып отыр.

Қазынасын қойнауына сақтап келген бұл өңір әлі ғажап өзгереді. Жосалыдан Жезқазғанға, одан әрі Есілге өтетін теміржол салынып, Сыр мен Сарыарқа арасы жалғасады, жақындайды. Қанша жыл өтсе де, анау басталып барып тоқтап қалған Ертіс-Қарағанды каналының жалғасы Жезқазғанға жетеді немесе Сібір өзендерінің бір бөлігі оңтүстікке бұрылып, Торғай қақпасы арқылы өтіп, Ұлытаудың батыс бүйірінен кеп шығады... Жерастындағы қыруар қазынаның қуаты адамды жер үстінде ғана күдіретті емес, сонау аспан әлемінде де самғауға мүмкіндік берді, күш берді. Мынау тереңге сүнген, сол тереңнен қуат-күдірет нәрін тартып алған тамырлары анау биік аспан көгіне ұмтылған, шап-шығаң бұтақтар секілді өзінің жемісін аямай төкті. Соның осы Арқадағы айғақты бір көрінісі – әлемдегі қуатты да тиімді космодромның Байқоңыр болып аталуының өзі кездейсоқ болғанымен, әбден қисыны бар құбылыс. Әлемдегі алғаш спутник пен тұңғыш ғарышкер ұшқан XX ғасырдың ірі ғалымы, Сәтбаев түлеп ұшқан бұл өңірдің ғажайыптары әлі алда. Жаңа Астана мен қазыналы Қарағанды қасында, қатарында, заманның қым-қуыт оқиғаларының ортасында тұрған Орталық Қазақстанның осы бір аймағы – Евразия аймағының кіндігі, дінгегі болып танылмақ. Болашақ солай бара жатыр. XXI ғасыр табалдырығын аттаған Орталық Қазақстан аймағы заманның жаңаша, тың талап-қажеттерін де өтей алатын болады.

«Сарыарқа» газеті
№57(7418, 27.06.2008)

Ұлытаудың аты сонау ежелгі грек тарихшысы Геродоттан бастап батыс-шығыс тарихшыларының еңбектерінде аталады, орыс, қытай саяхатшыларының жазбаларында ұшырасады. Жайық теңізінен Қара теңізге дейінгі жерді емін-еркін иеленген Түрік қағанатының орталығы да осы Арқа төсінде болған. Сонау шығыс пен батыстың арасын қосқан, жалғастырған Ұлы Жібек жолы қазақ даласынан өткенде бір тарамы Ұлытауға бұрылған. Академик Қ. И. Сәтбаев «Геологтардың өлшеуі, анықтауына Ұлытау бүкіл қазақ әлемінің тура географиялық ортасы, дәл кіндігі» – деп жазды (*Избр. соч. Т. 5, стр. 46*).

...Қыпшақ даласында Алаш деп аталған мемлекеттің орталығы – осы Ұлытау болған Алаша аталған алғашқы ханы да осында тұрған. Оның мазары көне тарихтың куәсі болып осы жазықта, Кенгір өзенінің бойында тұр. Плано Карпинидің жазуынша, Дешті Қыпшақ даласындағы Жошы ұлысы – Ақ Орданың да орталығы Ұлытау болды. Ол осы далада қаза тапты. Жошының күмбезді мазары алыстан еңселі ескерткіш болып көз тартады. Ақсақ Темір Алтын Ордаға бет алып Тоқтамысты жаулағалы бара жатқанда осы Ұлытаудың батыс бөктеріндегі Жетіқыз өзенінің жағасында, кең жазықта екі жүз мың қолын бірнеше күн тоқтатқан. Алтыншоқы деп аталатын төбенің басында қарасұр жалпақ тас қойдырып, оған жорыққа аттанғаны туралы сөздер жаздырған. Алаштың алғашқы ханы Алаша ханнан бастап, ең соңғы дала ханы Кенесарыға дейінгі қазақ хандарының бәрі дерлік осында ордасын тіккен, осы жерден бүкіл қазақ елін басқарған, осы арадан жауға аттанған. Әбілқайыр ханның ордасы шамамі 1427 жылдары тігілген. Хан сайлау рәсімі осында басталған. Әбілқайыр ханды алғаш осы Ұлытауда ақ киізге отырғызып хан көтерген. Керей мен Жәнібек 1456 жылы жеке шаңырағын көтерген қазақ хандығының қыстауы Шуда болса, жайлауы Ұлытауға дейін барған. Қасым хан 1510 жылы Ұлытауды қыстап шығып, Шайбаниға қатты соққы береді. Бұл – жас қазақ хандығының алғашқы жеңісі еді... Әйгілі «Жеті жарғыны» жаздырған Тәуке үш жүздің ханы болып Ұлытау басында ақ киізге көтерілген. Сондықтан да, бұл қасиетті жер қазақ бірлігінің бастауы аталып келген.

...Қазақтың ұлы ханы Абылай ханның ордасы да Ұлытау жерінде ту тіккен. 1723 жылы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» кейін Қазыбек би, Төле би мен Әйтеке биді шақырып, Ұлытау басында жиналып, әңгіме-мәслихат құрған, жаудың бетін қалай қайыру, туған жерді түгел тазалаудың жолдарын ойласқан, ақылдасқан. Қанжығалы Бөгенбай мен Қаракерей Қабаңбай қол жинап жоңғарларға Ұлытау баурайынан талай аттанған. Сол жорықтардан да жеңіспен оралып отырған. «...Сарысу өзенінің бойындағы Тасбұлақ бастауында биік жартақ бар. Қазақ атты жаңа ұлысты құру жөнінде

тарихи алғашқы құрылтай кеңесі өтіп, оның шешімін кенеске қатысқан рулардың өкілдері өз таңбаларын сол жартаққа қашап түсіру арқылы белгілеген.

Мыс бұл өңірде сонау қола заманында қорытылған. Нақты мөлшерін, жатқан жерлерін ашқан, анықтаған Қаныш Сәтбаев бастаған геологтардың дерегінше, бұл мыс ошағы дүние жүзіндегі ең бай үш кен орынының бірі. Саны ғана мол емес, сапасы да жоғары. Ол Лондон металл биржасында тіркелген. Кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде жауға атылған он оқтың тоғызы осы Жезқазған-Балқаш мысымен қапталған. Кеңестер одағы тұсында Жезқазған-Балқаш аймағы жылына 500 тонна күміс, 400 мың тонна мыс, 12 тонна алтын берген. Бұл жерден қазір 500 мың тоннаға дейін таза мыс қорытып, бір миллиард доллар табуға мүмкіндік бар. Қазақстанға вольфрам қоры жағынан дүние жүзінде бірінші орын әперген, молибден қорынан үшінші орын, марганецтен төртінші орынға қол жеткізген де осы өңір. Бағысында Ұлытаудан шығысындағы Қарқаралыға дейін созылып жатқан тау-тастан сомдап жаратқандай тұтас жатқан бел-белестерді қазақтар Сарыарқа деп, географ-геологтар қазақтың тау қыртысты жотасы деп атайды. Бұл аймақта кездеспейтін байлық жоқ, мұнда Менделеев кестесіндегі элементтер түгел дерлік ұшырасады. Академик Сәтбаевтың жасаған болжамды-металлогениялық картасы тұжырымдары тура көрсеткендей Сарыарқа аталатын қазына сандығында әр дәуірдің тұсына қарай жаратылған қорғасын, мырыш, сан алуан сирек металдар, вольфрам, молибден, қалайы, ванадий, рений, осылардың жинақ, кендердің дәл ортасындай бір жерде шоғырлана кездесуі жер бетіндегі сирек құбылыс. Жезқазған мен Қоңыратта, Ақтоғай мен Саяқта – мыс, Қарағайлы мен Жәйремде – қорғасын мен мырыш, Атасу, Қаражал мен Балбырауын, Керегетаста, Қызыларай мен Қарқаралыда – темір мен марганец, Ешкіөлместе – алтын, Ақшатау мен Жоғарғы Қайрақтыда вольфрамның әлемдік қорлары жатыр. Қоңырат пен Көктіңкөлдегі молибден мен Үшқатындағы марганец мол да ерекше. Алайғыр, Ақжал, Ақсоран одан әрі жалғасып мына жақтан Гүлшат қосып осылардың бәрі бір-бірімен желілене келе әйгілі Өспен кен-руда белдеуін құрайды.

Осы арадан бастап, осы Арқа қыратынан жер қыртысының жаралу процестеріне қарай қай жерде, қай мерзімде қандай қазба-кен пайда болатын заңдылықтарын білген геолог барлаушылар Қазақстанның кең даласын түгел сүзіп, барлап шыққан.

Кеше ғана 70-жылдар алдында солай жүргізілген барлаудың нәтижесінде Жәйремнің қазына қоры айқындалды. Мұнда қыруар қорғасын мен мырыш, Қазақстанды барий жөнінен әлемде бірінші орынға шығарған ғаламат кеніш, осы жерде ғана бір миллион тоннадан асатын күміс бар. Мұнда бәрі бар, геологтар мұнай мен газдың қыруар қоры бар екенін анықтады. Оңтүстік Тоғай иіні деп

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – СЕНІМГЕ СЕРПІН!

ЖАҢАРУҒА ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын мұқият оқыған адам оның алдыңғыларға қарағанда мүлдем өзгеше екендігін байқайды. Ол солай болуы керек те.



Өйткені Қазақстанымыз жаңа қадамға бетбұрыс жасап жатқан тұста өзгерістің болуы өзінен өзі түсінікті жайт. Президентіміз сөзінің басында «Бүгінгі Жолдаудың мән-маңызы айрықша. Оның арқалайтын жүгі бір жылмен шектелмейді, ауқымы кең, мазмұны да бөлек. Біз алдымызға биік мақсаттар қойып отырмыз. Өздеріңізбен бірге Жаңа Қазақстанды құруға кірістік», деп те айтты. Осы орайда Президенттің өкілеттілігі, өкілді билік тармағын қайта құру, сайлау жүйесін жетілдіру, партиялық жүйені дамыту, құқық қорғау институттарын күшейту, БАҚ пен азамат-


тық қоғамның ролін нығайту, елдің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру, жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру, дағдарысқа қарсы шаралар сияқты бірқатар бастамаларды ұсынды. Айтылғандардың барлығы да қазіргі жағдайда аса қажетті кезек күттірмей қолға алынуы тиіс мәселелер дегім келеді. Бұл жаңаруға жасалған нақтылы қадамдар.

MT

Мүсабек ТӨЛЕГЕНОВ,
ҚДТ «Ақжол» партиясының
Жезқазған аймағы бойынша
үйлестірушісі.

Қандай мамандықты алсақ та, әрқайсының өзіндік қызығы мен қиыншылығы бар. Қиындығы демекші жүрек қалауымен келген мамандығының ыстығы мен суығына төзе білу әркімнің-ақ қолынан келмесі анық. Дегенмен, бүгінде аға толқынның арасында еселі еңбегімен ел игілігін арттыруға, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге атсалысқан өз ісінің майталманы атаңа әбден лайық азаматтар бар. Солардың бірі әрі бірегейі – қарашаңырақ Қарсақбайдың тумасы, жаны жайсаң Зибатқали Қасымұлы ЫСТЫБАЙ.

Еңбекпен ӨРІЛГЕН ӨМІР



өндірісінің технологиясы кафедрасына қосымша жұмысқа шақырады. Одан кейінгі жылдары басшылық қызметтерді атқара жүріп Жезқазған университеті жанынан ашылған тау-кен ісі институтының жер асты байлығын игеру кафедрасында студенттерге дәріс оқып, мамандықтың қыры мен сырын үйретті.

ҚР жаратылыстану ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі атанып, заманына сай, сұранысқа ие жүздеген маман даярлап Зибатқали Қасымұлы – бүгінде есімдері мақтанышпен аталатын ҚР Құрметті құрылысшысы, КСРО Министрлер сыйлығының иегері Аманкелді Зәмкебаевтың, ҚР құрметті құрылысшысы Евгений Жалтыр мен Құрметті архитектор Евгений Цойдың ұстазы. Майталманның шаһар шырайын сәндеп, өңірдің өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытудағы еселі еңбегі ҚР «Еңбек ардагері» медалімен және Құрмет грамота, Алғыс хаттармен еленген, сондай-ақ ол II, III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені, «Жезқазған қаласына – 60 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

Атақ пен мал табуды мақсат тұтпаған, еңбегінің арқасында абырой биігіне көтерілген Зибатқали Ыстыбай мағыналы өткен өміріне риза. Бұл дүниеде еншісіне тиген несібесін місе тұтқан еңбек ардагері әлі де бойында күш пен қайрат барда қарап қалмай, өңірді дамытуға үлес қоспақ ойы бар. Сөз соңында елеулі еңбегімен көптің құрметіне бөленген Зибатқали Қасымұлын мерейлі 80 жасымен құттықтап, тоқсанның төріне шығып, жүзге жетуіне тілектестік білдіреміз.

Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы.

УӘДЕСІН ОРЫНДАМАҒАН ДЕПУТАТ МАНДАТЫНАН АЙЫРЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа кезекті Жолдауында «супер президенттік» басқарудан Парламентті мықты Президенттік республикаға көшу қажеттігін алға тартты. Мұның қазіргі заманның талаптарынан туындап отырғанын түсіндірді.

Маған бір ұнағаны, сайлау алдында берген уәдесін орындамаған депутатты енді кері қайтаруға болатындығы. Бұл өте орынды. Халық қалаулысы аты айтып тұрғандай қалың бұқараға жақын жүргені дұрыс. Бүгінде кейбір депутаттарды сайлаушы алғаннан кейін көру қиындап кетті. Сайлау алдында берген уәдесін қалай орындап жатқанынан мүлдем бейхабармыз. Депутаттың міндеті сессияға қатысып, мандатын көтеріп қолдау білдіру ғана емес қой...

Депутаттың кері қайтарылуын Мемлекет басшысы «Бұл – халық қалаулыларына ықпал етудің тағы бір жолы. Осы ұстаным демократия дәстүрлерін едәуір нығайтады. Өзара жауапкершілік пен сенімге негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырады» деп түсіндірді өз Жолдауында. Өте орынды айтылған пайым.

Саят БАЛМАҒАМБЕТОВ,
Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты.

MT



ЕЛ СЕНІМІН ЕСЕЛЕЙ ТҮСТІ

Өзінің жаңа Жолдауында Мемлекет басшысы жаңа Қазақстан құруға бетбұрыс жасалғанын айта келіп, осы бағыттағы дамудың кешенді бағдарламасын жариялады. Осы өзгерістердің барлығы қазақстандықтардың өркениетті елде өмір сүріп, олардың конституциялық құқықтарын сақтауға, уайымсыз табысты еңбек етуге негіз болып табылатынын қадап айтты.



Жолдаудан біз елімізді алдағы уақытта оң өзгерістер күтіп тұрғанын түсіндік. Сенат депутаттары санының азаюы, Ұлттық құрылтай жасақталуы, Конституциялық сот құрылуы, 30-дан астам бапқа өзгеріс енгізілуі тиіс дегенінің бәрі – осының басты дәлелі.

Президент сайлау мәселесіне үлкен көңіл бөлді. Осыған дейін Парламент құрамын анықтауда көппартиялық жолмен атқарылып келген үлгіні өзгерту керігін айтты. Оның себебі, халық танымайтын, өзіндік қалыптасқан пікірі жоқ адамдар депутаттық мандатқа ие болып кетіп жатқаны шындық. Бұл жағдай қоғамға да, билікке де абырой бере қоятын құбылыс емес. Халық өзінің білетін, танитын адамын өзі сайлайды. Бұл жерде демократияға бетбұрыс сипаты анық байқалады.

MT

Президентіміздің «Мен елімнің ертең емес, бүгін бақытты болғанын қалаймын», «Үлкен өзгерістер ауыс-түйіс жасаумен шектелмейді, өзгерістерді өзімізден бастауымыз керек» дегені күллі отандастарымызды бірлікке шақырып тұр. Сондықтан да Қазақстан халқы жұдыртықтай жұмылып, әркім өзіне лайықты жұмыспен айналысып, нақты нәтижелерге жетуге тырысып, Қазақстанды жаңаша құру жолында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруы керек.

Асылхан СӘДУАҚАСОВ,
«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС
Жезқазған аймағы бойынша
әлеуметтік-еңбек қатынастары
басқармасының жетекші маманы.

БІТІМГЕРЛІК – БАБАЛАР ЖОЛЫ

Қарағанды облысының №2 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Президент жолдауына байланысты дауларды баламалы тәртіппен шешудің амалдары мен жолдары жөнінде «Бітімге келудің берекелі жолы» тақырыбында құқық қорғау органдары мен әкімдік өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараны ашып жүргізген аталмыш ауданаралық соттың төрағасы Жасұлан Достияров қазіргі таңда кеңінен қолданылып жүрген дауды медиация жолымен шешудің жолдарына кеңінен тоқталды. Ол өз сөзінде «дауды бір бітімге келу арқылы шешу жолы тек соттың жұмысын азайту ғана емес сонымен қатар ең бастысы тараптар арасында туған даудың қысқа мерзімде әрі қос тарапқа да тиімді шешілуі. Себебі көбіне сот шешіміне бір тарап келісімін білдірсе, екінші жақтан наразылық туып ол істің қайта қаралуы жиі кездесіп, және мұндай жағдайда іс айлап, жылдап созылып жатады. Ал, татуластыру рәсімі осының алдын

алады. Өзара бітімгерлікке шақыру азаматтық, қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылық істері бойынша қарастырылып келеді. Бұл жол сондай-ақ уақыт пен тараптардан шығатын шығынды үндемдеудің бірден бір жолы. Сондықтан бір мәмлекке келіп бітімгерлікпен шешу екі тарапқа да пайдалы. Істің жария болмауын қамтамасыз етумен қатар медиация арқылы қабылданған шешім 10 жұмыс күні ішінде күшіне енеді. Осы орайда сотқа жүгіну барысында оның айлап созылатынымен қатар соттың шешімінің күшіне енгеннен кейін орындалу барысы да кейде ұзақ мерзімге созылып кететінін ескерген абзал» дей келе соңғы кезде-

гі азаматтық істер бойынша заңдарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды да тілге тиек етті. Бұдан кейін сөз алған Жезқазған, Сәтбаев, Ұлытау аймағына есімі таныс кәсіби медиатор Жұлдыз Есмұрзина медиация туралы кеңінен сөз қозғап, аймақта жасалып жатқан жұмыстарын атап өтті.

Медиация заңы 2011 жылдан бастап аймақта жақсы қарқын алып келеді. Медиатор – нүкте қоюшы. Яғни, кезінде ата-бабамыздың дауын шешуде билердің сөзі сол даудың шешімі саналса, медиатор да солай. Ол қос тараптың да өз ұсыныстарын тыңдап өзара келісіп, екеуіне де тиімді жолды тандап, істі сотқа дейін жеткізбей бейбітшілік жол-



мен шешіп береді. Қазіргі таңда онлайн түрінде жұмыс істейміз. Басты мақсатымыз халық арасындағы дауды азайту. Медиация жолын халыққа түсіндіріп жеткізуде БАҚ-тың ролі зор, – деген Жұлдыз Есмұрзина халықаралық медиация дамуы орталығы атынан Қарағанды облысының №2 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Жасұлан Бейсенбекұлын Алғыс хатпен марапаттады. Сондай-ақ,

жинналғандар өз ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті.

Әрине, даудың тіптен болмағаны дұрыс. Бірақ, өмір болған соң түрлі жағдайлар орын алып жататыны тағы бар. Осындайда бір-бірін сотқа сүйремей, бітімгерлік жолмен шешімін тауып, өзара қарым-қатынастың дұрыс болуын сақтап қалса, құба-құп емес пе?!

Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ.

MT



ХАТ ЖАЗДЫМ, ҚАЙРАН БОЛСА...



АЯЛДАМАМЫЗ ҚАЙДА?

Құрметті «Сарыарқа» газетінің редакциясы!

Сіздерге тағы да автобус аялдамасына байланысты хат жазуға мәжбүр болып отырмын. «Тағы да» деуімнің өз себебі бар. Осыдан 3 жыл бұрын сіздің газеттің мұрындық болуымен автобус аялдамасын салуға қол жеткізіп едік. Осы кезде қала әкімі Қайрат Бегімов мырза болатын. Алайда, бұл қуанышымыз көпке бармады. Қалаға жаңадан келген әкім сол аялдаманы алдырып тастады. Не үшін екені белгісіз. Бұл аялдама «Бекболат сай» ықшамауданында, Сәбит Мұқанов пен Қазыбеков көшесінде орналасқан болатын. Ол жерге №1, №7 және кеншілерді таситын автобустар тоқтайтын. Аялдама жанындағы бағанда автобустардың жүру кестесі белгіленген тактайша ілулі тұр. Аялда-

маның жоқтығы бізге, қарттарға қиын болды. Аяғымыздан тұрып, көлік күту өте азап. Жазда ыстық, жаңбыр болады. Қыста боран деген сияқты. Зейнетке шыққанда осындай азап шегеміз деп пе едік?! Өміріміздің қалған азғана бөлігінде тыныш ғұмыр кешсек дейміз. Зейнеткерлерге деген сый-құрмет қайда?! «Бәрі адам игілігі үшін» деген қағида қайда?! Жаңа Қазақстанда зейнеткерлерге бұлай өмір сүру миға қонбайды.

Сөзімнің соңында айтарым, сол баяғы аялдаманы қалпына келтіруге жәрдемдессеңіздер екен. Қала әкімдігі бұл талабымызды орындамаған жағдайда, жоғары жаққа шағымдануымыз әбден мүмкін.

Қыпшақбай СЕЙІТОВ,
зейнеткер.
Бекболатсай ықшама ауданы,
А. Жұбанов көшесі, №33 үйі.

«ҚАЗАҚМЫС» БАСШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!



ҚОРЫМДЫ ҚАЙТШЕКШІЗ?

Соңғы төрт-бес жылдан бері Сәтбаев қаласындағы өндірістік аймақтағы елді мекендерді көшіру жұмысы жүргізілгені белгілі. Бүгінде Крестовский елді-мекенінен көшіпеген екі-үш үй қалды деп естиміз. Олар көшкен соң сол маңайда үлкен өндіріс ошағы ашылмақ.

Бұл әрине қуанышты жағдай. Өндіріс болса, өзек талмайды. Ел жұмыссыз қалмайды. Бұл тірілер үшін маңызды. Ал анау қабырыстанда жатқан қалың мұсылманның (христиандардың да зираты бар авт.) қамын кім ойлап отыр осы. Ол жерде біріміздің ата-бабаларымыз, бауырларымыз жатыр. Ертең

сол аймақты аттырып шахта карьер жасайтын болса, оны жасайды. Сонда ол қорым не болмақ?! Ата-бабаларымыздың сүйегін отвалға шығарып тастай ма?

Бұл мәселе осы өндірісті көшіру жайлы әңгіме басталғанда бір көтеріліп еді. Одан кейін айтылмай кетті. Қабірлерді казып, мәйіттерді Сәтба-

евтағы мұсылмандар қорымына қайра жерлеу жасалады деген де әңгіме айтылған. Ол да жабулы қазан күйінде қалды. Менің сұрайын дегенім, «Қазақмыс» корпорациясы басшыларының осы бағытта не ойлағандары бар. Оны кім айта алар екен?

Жұмабай ЕРҒАЗИНОВ,
ардагер кенші.
Сәтбаев қаласы.

АЙТАРЫМЫЗ БАР

ӨЗЕН АҢҒАРЫН ҚАМЫСТАН ТАЗАРТСА...

80 жылдық тарихы бар Жезді кенті кешегі жылдары қала үлгісіндегі керемет кент еді. Басын Қарабұлақтан алатын өзен кентті айналып, Бала Жездіге барып құятын. Осы өзен кентті «Оң жағалау», «Сол жағалау» деп бөліп жататын. Өзеннен ел балық аулап, бақшаларын суарып, мәре-сәре болушы еді.

Қазір өзен аңғарын биіктігінен атты кісі көрінбейтін қамыс басып кетті. Бұл онысыз да жылап ағып жатқан суды тежеп, қысы-жазы қолқаны қабатын борсыған судың иісіне тұншықтырып отыр елді. Жаз болса маса, шіркей қаптайды. Кенттің экологиялық жағдайына да кері әсерін тигізуде. Осы қамысты тазалап, қырақатын бір жағдай жасалса дейміз.

Қазір Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінің төменгі жағынан бөгет салғаннан бері

өзенге тәп-тәуір су түсетін болды. Сол суды бау-бақша суаруға пайдалану керек. Ол үшін ең әуелі қамыстан тазарту қажет. Осы жағынан аудан әкімдігі көмек жасаса екен дейміз. Бұл мәселеге қатысты Ұлытау аудандық мәслихатының депутаты Зейіп Зікірқызы Қазанбаеваға да өтініш жасадық. Аяқсыз қалмас деп үміттенеміз.

«Көкбұлақ» ауылының тұрғындары.

Жезді кенті.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА

«МЕДСАНЧАСТЬ» ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛСЕ...

Күшітінің арты дирмен тартады. Әй тартқанда да дарылдатады-ау. Дарылдатқаны емей немене, бір қаланың жанын сақтап отырған ел ауызекі «Медсанчасть» атап кеткен емдеу мекемесінің тоз-тозын шығарды емес пе? Кім дейсіз зой? Моторыкин деген мықты...

Сонау тоқсаныншы жылы Сәтбаев қаласындағы «Медсанчасть» өндірісті маңдай алды емдеу мекемесінің бірі еді. Қанаттас жатқан қос қаладағы өндіріс жұмыскерлерінің басы ауырып, балтыры сыздай қалғаны осы емдеу мекемесіне келетін. Тіпті қос қала іргедегі аудандардан да халық осында жатып, ем-домдарын алуға асығатын. Ол кезде емханалар мен ауруханалардың жағдайы мүшкіл еді ғой. Ал, «Медсанчастьтың» мүмкіндігі мол болатын. Мұнда сол кездің өзінде ең заманауи деген құрал-жабдықтар мен аппараттар болды. Осы жерде ең алғаш рет «Илизаров аппараты» тәжірибеден өтіп, елдің көңілінен шыққан еді.

Бірақ, Жезқазғанда «Самсунг» емдеу орталығы салынып, пайдалануға берілді де, оның басшысы Моторкин мырза барлық заманауи құралдар мен аппараттарды, тіпті маңдай алды дәрігерлерді сонда алып кетті. Сөйтіп, «Медсанчасть» жай бөлімше болып қалды. Ең өкініштісі, өндіріс жағдайында, шахталарда апатқа ұшыраған ерімдей жігіттер жан сақтау бөлімі мен травматологияның жоқтығынан Жезқазған қаласындағы емдеу мекемелеріне жетпей жолда көз жұмып жатты...

Бұл мәселе әртүрлі деңгейлердегі жиындарда көтерілді



де. Үстіміздегі жылдың өзінде Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек келгенде назарына ұсынылды. Облыс әкімі «Қазақмыс» корпорациясы басшылары кеншілер қаласында жаңа медициналық орталықтың жобасын жасап жатқанын айтып, оны пысықтауға уәде беріп еді. Содан бері екі-үш айдың жүзі өтті. Бірақ мардым-

ды хабар жоқ. Сондықтан газет арқылы мәселе көтеріп, облыс әкімінің назарын аударғанды жөн көріп отырмын. «Медсанчасть» қалпына келтірілсе, талай жанның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік туар еді.

Ізбасар ОЙБАС,
Сәтбаев қаласының тұрғыны.

АЙТАЙЫН ДЕП АЙТПАЙСЫҢ...

НЕ БОЛЫП БАРАМЫЗ?..

Дәрігерлер «көбірек жүріңіз, отыра бермеңіз» деген соң кешкілік көшеге шығып, бой сергітіп қайтатыным бар. Бүгін де солай, «Абайдың» бойымен аяңдап келе жатқанмын. Қасымнан бір жеңіл машина өтіп бара жатты. Жылдамдығы онша қатты емес. Бірақ, ішіндегі музыкасының дауысы келесі көшеге естіліп тұрған шығар...

«Шіркіннің миы не деген мықты», – деп ойладым. Әлде құлағы тас керек бе екен. Анадаяу дауысқа сау адамның құлағы мен миы шыдас бермесі анық. Әлгі би аландарындағы музыка да одан ақырын естілетін шығар. Сонда бұл не өзі? Біздің мәдениетіміздің жеткен жері осы болғаны ма? Шет елдерде мұндай «опербақандық» заңмен шектелген. Тіпті машинамен жүріп келе жатқанда радио тындауға, музыка тындауға тиым салынған елдер де бар. Дауысын қатты шығармақ түгілі. Музыка тындағын келсе жолдың шетіне тоқта да тыңда. Бірақ өзгелерге кедергі келтірме.


Ал біздегілердің сыйқы мынау. Машина менен әудем жер ұзап кетті. Бірақ музыканың дауысы әлі бәсеңдеген жоқ. Көшені басына көтеріп, жаңғыртып барады. Біз өзі не боп барамыз?..

Аманкелді АҚШАЛОВ.

Жезқазған қаласы.



Бізде бір жаман әдет бар. Жоғары жақтан бір нұсқау келсе, дереу соны науқанға айналдырып әкетеміз. Бұл әсіресе мына латын қарпіне қатысты.



ҚАЙ ҚАРПІН ТАҢДАДЫҚ ӨЗІ?

Әне бір жылы Елбасы «Жаппай латын қарпіне көшуіміз керек» дегенді айтып еді, қауға тиген оттай лап ете қалдық. Латынша оқытуды бастадық. Тіпті кейбір мекемелер маңдайшаларындағы такталарын латын әрпімен жазып тастады. Артынша «Біздің таңдаған бұл қарпітеріміз келмейді екен. Басқа үлгісін пайдаланайық», – деп еді, тағы шу ете қалдық. Бұрынғы жазуларды алып тастап, жаңа қарыппен жаздық. Ол да – күні бүгінге дейін нақтыланбаған қарпі. Емлесі әлі толық бекімеген. Біз бірақ алаулатып, жалаулатып жатырмыз. Қазір көшелердегі дүкендердің атауы, мекемелердің маңдайша такталары тіпті газеттердің аты латын қарпімен жазылып жатыр. Сонда біз өзі қай қарпі таңдадық. Осыны ашып, айтып беретін адам бар ма?

Рәшит НҰҒЫМАНОВ.

Ұлытау селосы



Жетекшісі –
Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ



Міне, қасиетті Рамазан айының екі аптасын да еңсеріп тастадық. Өзін Құдайдың құлымын, Пайғамдардың (с.ғ.с) үмбеттімін дейтін жандардың бәрі мұсылмандық парыздың бір парасын өтеп жатыр. Солардың қатарында балалар да бар.

Дін саласын зерделеп отыратын мамандардың пайымдауына, соңғы кездері ораза ұстаушылардың қатары жыл өткен сайын жасарып барады екен. Тіпті алты-жеті жасар балдырғандардың отыз күн оразасын қаза етпеуге тырысып, мұсылмандық парызын өтеуге ұмтылғандарын көріп жүрміз. Әрине, мұны құптайтындар да, қарсы пікір айтатындар да бар. Біздің бүгінгі аңгімеміз де осы тұрғыдан өрбімек.

Негізі, оразаның қағидасы бойынша балиғат жасына толғаннан бастап ораза ұстауға рұқсат берілген. Соның ішінде қыз балалар 9 жастан бастап, ал ер балалар 12 жастан бастап ораза ұстауына болады.

Десек те, мұғалімдер «ораза ұстаған оқушылардың сабаққа қатысу ынтасы нашарлап кетті, аузы берік екенін айтып сабаққа қатысқысы келмейтіндер бар» деп жүр. Бұл жайында әлеуметтік желіде де ашық айтылууда.

Иә, ораза – исламдағы бес парыздың бірі. Оны ұстау – әрбір мұсылманға парыз. Соның ішінде оразаның шарты бойынша қарт, яки әлсіз адамдарға, науқастарға, емізді баласы бар аналар мен сапардағы адамдарға, жүкті әйелдерге ораза ұстамауға рұқсат етіледі. Ал балаларға ше? Оның ішінде мектеп қабырғасындағы балалардың ораза тұтуына қатысы нақтылы бір ереже бар ма? 6-7 жастан бастап оразаны ұстауға ұмтылғандардың әрекеті қаншалықты дұрыс? деген сауалдар төңірегінде ой қозғағанды жөн көрдік. Осы мақсатта пікір-сайыс клубында салықалы ой, пайымды пікірлерін білдіру үшін әртүрлі сала мамандарын шақырып «Сіз не дейсіз?» деген дәстүрлі сауалды ортаға тастап отырмыз.

Сонымен, біздің бүгінгі алқалы отырысымызға Сәтбаев қаласындағы Балмағамбет Балқыбайұлы атындағы мектептің бас имамы – Қоңдыбай қажы ӘҚБАРУЛЫ, Сәтбаев қалалық ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі Дархан МҰҚАН, Сәтбаев қаласындағы №3 жалпы орта білім беретін мектептің директоры – Шолпан АДАМЬЯНОВА, Жезқазған қалалық білім бөлімінің бас маманы – Гаухар ЖАҚЫП-БЕКОВА, Жезқазған қаласының Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің педагог-психологы Гүлім ОРАЗАЛИНА, ұлтыаулық абыз ақсақал, Қазақстанның Құрметті журналисі Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ, Сәтбаев қаласы «Аналар кеңесі» ҚБ мүшесі, медицина һәм ақпарат саласының ардагері Майра ЖАППАСБАЕВА, Ұлытау аудандық орталық аурухананың педиатр-дәрігері – Марат ДҮКЕНБАЕВ қатысып отыр. Қош келдіңіздер дейміз. Алла ауыздарыңызға салмақты сөз салып, салықалы ой, пайымды пікір білдіруді нәсіп етсін.

**ӘР НӘРСЕ
ӨЗ УАҚЫТЫНДА**

Құрметті қатысушылар, әңгімемізді бастамас бұрын мен сіздердің назарларыңызға әлеуметтік желіде жүрген мына бір аудиожазбаны ұсынғанды жөн көріп отырмын. (Мәтіні қаз-қалпында беріліп отыр).

«Құрметті ата-аналар, сәлеметсіздер ме! Мына балалардың бәрі ораза тұтып алған. Келеді де сабақ оқымайды, жатады бәрі бастарын көтере алмай. Өтіп, бастарын көтере алмайтын болса ауыздарын ашсын ертеңнен бастап. Сабақтарын оқысын бұл бірінші орында. Алтысқа келген жоққой әлі, ораза тұтатын. Жатыр бәрі. Мұғалімдердің бәрі жалоба жасап жатыр. Орыс тілінен бір-ақ бала сабақ орындаған, класқа келіп берген тапсырманы. Сабақ орындамай, бастарын көтере алмай жатыр. Үйге бараннан кейін сөйлесіңіздер. Не ауыздарын ашып сабақтарын оқысын. Не бұл?!»

Міне, мұндай жағдай жалғыз осы мектепте ғана емес, еліміздің өзге де аймақтарында орын алып отырғаны жасырын емес. Тіпті, қанаттас жатқан қос қалада да дәл осындай болмаса да ауыз бекіткен оқушылардың бар екені аян. Сондықтан бүгін сіздермен бірлесіп осы бір өзекті мәселені талқылап, ойымызды айтып, ата-аналарға, балаларға дұрыс жол сілтегенді жөн көріп отырмыз. Ендеше әңгімемізді бастайық.

– **Сонымен, бірінші сауал, балалардың ораза ұстағаны дұрыс па? Жалпы, баланың неше жасқа бастап ораза ұстағаны жөн? Қоңдыбай қажы әңгіменің біссімізді сіз бастап берсеңіз.**

– Ассалаумағалейкум уа рахматулла, уа баракату. Құрметті туған-туыс, бауырлар, оразаларыңыз қабыл болсын! Енді ораза ұстау балиғат жасына толған жанға парыз ғой. Парыз болғандықтан ораза ұстама деп айта алмайсыз. Егер денсаулығы келіп тұрған болса, жолаушы емес болған болса, асқазанында ешқандай ақау болмаса ол балаға ораза ұстау парыз. Ұл балаға 12 жастан, қыз балаға 9 жастан бастап ораза ұстауына болады.

Бірақ, қазіргі уақытта мына балалардың ораза ұстап жүрмін, сабаққа дайындала алмай қалдым деуі әрине орынсыз. Бұл, балалардың өзінің тапқан сылтауы болар. Ал енді, ораза тұтқан кісі, құдайдан шынайы қорыққан кісі оразаның не екенін білуі керек. Бала сабақтың не екенін біліп, ажырата алуы керек. Егер, оның әке-шешесі намазхан болса, намаз оқитын болса ораза мойындағы міндет, ал парызы жаңағы сабақты алып жүру екенін үйреткені ләзім. Асыл дінімізде сабақ алу, білім үйрену мұсылман әйелге де, ерге де парыз дейді. Жоғарыдағыдай жағдайға бару дінді дұрыс түсінбеген кісінің ісі. Ораза болдым, шаршадым дегенді сылтау қылып сабақты оқымаған дұрыс емес. Тағы да қайталап айтамын, ораза тұтқан бала сабақ пен оразаның ара жігін ашып алуы керек. Егер шаршаған болса, онда денсаулығы сыр берген шығар. Ондай жағдайда ораза тұтпай, сабағын оқысын.

– **Рақмет, қажеке. Жас бол, жасамсыз бол «мен намаз оқушы едім, мен ораза ұстаушы едім» деп, өз парызыңды ешкімге міндет етпе дейсіз**

БАЛАНЫҢ ОРАЗА

ЕКІҰДАЙ ШІКІРГЕ



Қоңдыбай қажы ӘҚБАРУЛЫ,
Сәтбаев қаласындағы
Балмағамбет Балқыбайұлы
атындағы мешіттің бас имамы



Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі



Марат ДҮКЕНБАЕВ,
Ұлытау аудандық орталық
аурухананың педиатр-дәрігері



Майра ЖАППАСБАЕВА,
Сәтбаев қаласы «Аналар кеңесі»
ҚБ мүшесі

ғой. Жөн-ақ. Дін өкілінің пайымын білдік. Енді осы дін істерін жүйелі түрде қызырлы орын маманының пікірін тыңдасақ. Бүгінгі отырысымызға Сәтбаев қалалық ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі Дархан Мұқан арнайы келіп отыр. Дархан мырза, сіз не дейсіз?

– Ассалаумағалейкум алқалы топ. Діни рәсімдер, діни ұйымдардың қызметін реттейтін заңнамалық база қалыптасқан елміз. Конституция діни сенім бостандығына кепілдік береді. Алайда, ешкімнің діни ұстанымдары, көзқарастары ортақ мемлекеттік мүддеге, жалпы қоғамдық құндылықтарға нұқсан келтірмеуі тиіс. Оразаға қатысты кейбір түсінбеушілік те ақпараттық дұрыс жетпеуінен туындап жатыр деп ойлаймын. Дін ғұламаларының еңбектерінде, басқа да діни әдебиеттерде Ораза ұстауға қатысты шарттар айқындалған ғой. Бұл жерде ол рәсімдердің қажеттілігі немесе қажет еместігі туралы сөз қозғағаннан бұрын, адамның, оның ішінде баланың діни рәсімдерді орындауының басқа міндеттемелерге, мәселен, мектепке баруына, сабақ үлгеріміне кері әсері болмауы туралы сөз қозғаған дұрыс деп ойлаймын. Бұған қатысты Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы да нақты түсініктеме берді. «Кез-келген құлшылық, оның ішінде ораза толыққанды білім алуға, тиянақты жұмыс істеуге кері әсер етпеуі керек. Оразаны себеп етіп, әркімнің өзіне жүктелген жауапкершілігіне немқұрайлы қарауына болмайды. Өйткені, әр адам сауап амалды өзі үшін орындайды» делінген муфтият түсініктемесінде. Олай болса, аузым берік деп жөнді-жөнсіз міндетсіну, сабаққа, жұмысқа жауапсыз қарау сол оразаның негізгі мақсатына да томпақ келетін сияқты.

– **Өте жақсы айттыңыз. Ал, енді бұл жөнінде сол білім беру мекемелерінің мамандары не айтар екен?**

Сөз тізгінін Жезқазған қалалық білім бөлімінің сектор меңгерушісі Гаухар Жақыпбековаға берсек.

– Саламатсыздар ма, құрметті пікір-сайысына қатысушылар. Алқалы жыныға қош келдіңіздер. Негізі ораза ұстау медициналық ғалымдармен жан-жақты зерттелген. Замануи медицина оразаны ауруға қарсы құрал әрі дәрі-дәрмек ретінде қолдануда. Ауруға қарсы тұру иммунитетін арттыру барысында дәрігерлер науқасқа тек рецепт жазып қоймай, олардың тамақтану режимін де реттейді. Ораза дененің әрі физикалық тұрғыдан, әрі рухани тұрғыдан демалуын қамтитыны ғылыми дәлелдеген.

Ал, балаларға оразаны балиғат жасына жеткен кезде және денсаулығы көтеретін болса ғана тұтуы парыз. Сондай-ақ олар 16 жасқа дейін ата-анасы, немесе заңды өкілдерімен ораза ұстауға бір шешімге келуі міндетті.

– **Жақсы. Рақмет! Сонымен, Сіз балалардың ораза ұстауына қарсы емесін дейсіз ғой. Жөн екен. Ал, енді бұл жөнінде мектеп басшысының ойы қандай? Сөз Сәтбаев қаласындағы №3 мектептің директоры Шолпан Адамьянова ханымда.**

– Саламатсыздар ма, аға-апалар, әріптестер. Сіздермен бірге осындай өзекті мәселені талқылауға қатысып отырғанға ма қуаныштымын. Ал, енді сауалға келсек, Ораза ұстау әрбір мұсылманның бес парызының бірі екенін бәріміз білеміз. Бірақ мектеп жасындағы балалардың ораза ұстағанын мен қолдаймын. Мектеп жасындағы баланың ең басты міндеті сабақ оқу. Үлкендермен қатарласып ауыз ашарға барғанша, күнделікті сабағына көңіл бөлгені дұрыс. Сонымен қатар бала ағзасының енді қаланып, толық жетіліп келе жатқан шағы. Тамақтану режимі қатаң сақталғаны дұрыс деп ойлаймын.

– **Осы жерде психолог маманның да пікірін біле мекенді жөн көріп**

отырмын. Бүгінгі біздің отырысымызға Жезқазған қаласындағы Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің педагог-психологы Гүлім Оразалина қатысып отыр. Сіз не дейсіз?

– Саламатсыздар ма, меймандар. Пікір-сайыс отырысына шақырғандарыңызға көп рахмет. Қойылған сұраққа орай айтар болсам, мен үшін бала физикалық тұрғыдан әлі дене мүшелері толық жетілмеген, психикалық тұрғыдан сана-сезімі де толық қалыптаспаған тұлға. Сондықтан да оның ораза ұстауына мен қарсымын. Себебі, бала ол қашанда бала болып қалады. Қазірде сабақ үстінде пәндерге ынтасы болмай, көңіл-күйі жок оқушылар кездеседі. Сондықтан да, ол балалардың ата-анасы кеңес беріп, бағыттады ма екен ораза ұстау алдында деген ойлар келеді.

– **Дәрігер не дер екен? Сөз кезегін Ұлытау аудандық орталық аурухананың педиатр-дәрігері Марат Дүкенбаевқа берсек. Мәке, сіздің бұл тұрғыдағы пайымыңыз қандай?**

– Ассалаумағалейкум игі-жақсылар. Сіздермен жүздескеніме қуаныштымын. Дәрігердің пікірін білгіңіз келсе жаңа Гүлім өте жақсы айтып кетті. Психологиялық тұрғыдан сана-сезіміне қоса, физикалық тұрғыдан әлі дене мүшелері толық жетіліп болмаған баланың ораза ұстауына дәрігер ретінде қарсымын.

– **Жөн, жөн. Онда кезекті абыз аталар мен ақ жаулықты әжелерге берейік. Мағзұмбек Машайықұлы Ұлытау ауданынан арнайы хабарласып отыр. Мақа, сіз айтқызышы, балалардың жастай ораза ұстағандары дұрыс па?**

– Саламатсыздар ма, балалар. Үлкен бір мәселені сөз етіп жатыр екенсіздер. Мен де өз ойымды білдірсем деп едім.

Ислам діні бойынша отыз күн ораза ұстау дені сау, кемелет жасына жеткен жандардың парызы. Бұл Алла Тағалаға құлшылық етудің ең маңыздысы.

Кешегі қызыл империя бізді бұл мүмкіндіктен күштеп айырды. Бірақ, рухы мықты халқымыз оны сақтап қалды. Сол кездің өзінде әкелеріміз, аталарымыз ораза ұстады. Еліміз егемендік алғаннан кейін сол ұмыт болған қасиетті дінімізбен қайра қауышып жатырмыз. Бұған жастардың да ынта-ықыласы артты. Мұсылманның бес парызы қалыптасты. Бүгінде мектеп жасындағы балалар да ораза ұстап жатыр. Алла олардың ниеттерін қабыл етсін.

Бірақ, мұның тағы бір қыры бар. Ораза ұстау мектеп оқушыларына көп қиындықтар туғызатыны анық. Сондықтан оқушылардың ниеттенсе, оразаның басында үш күн, ортасында үш күн, соңында үш күн ұстауға да болады.

– **Дұрыс-ақ. Ал онда бұл сауалды Майра Смағұлқызы түйіндесе. Сәтбаев қаласындағы «Аналар кеңесі» қоғамдық бірлестігінің мүшесі, медицина һәм ақпарат саласының ардагері Майра Жаппасбаева атамыз да арнайы келіп отыр. Сіз не дейсіз?**

– Сау-саламат барсыздар ма. Манадан бері біраз пайымды пікірлер айтылды ғой. Оразаның қағидасы бойынша 9 жастан қыз балалар, 12 жастан ер балалар ұстауға болады деп айтылған. Бірақ, мен өзім, балалардың ораза ұстағанын қоштап қоймаймын. Ол сауап екен, парыз екен дейді. Бесіктен белі шықпай жатып не сауап жинауы керек оларға? Қандай парыз олар өтейтін?

Біз кеңес үкіметі тұсында туып, өскен адамдармыз ғой. Мен өзім өземнің ораза ұстағанын көрдім. Сонда өземізбен бірге сәресіге тұрып, көпке оранып отырып тәтті шайынан ішетінмін.

Ораза кезінде өжем намазын оқитын, шаруасын істейтін, бірақ, ел ақтап қыдырып жүрмейтін және ешкімге артық ауыз сөз айтпайтын. Ораза ұстаған адам астан ғана емес бәріннен тыйылуы керек дейтін. Бізге ораза ұстандар деп міндеттеп те жатпайтын.

Қазір менің өзім ораза ұстайтын жасқа жеттім. Бірақ, денсаулық мұрша бермейді. Оның үстіне біздің заманымызда жүріп-тұрмай, шақырған жерге бармай отыра алмайсың. Сондайда сөйлеп қаласың, біреуге бірдеңе айтып қаласың. Мен ораза ұстасам сол әжем сияқты ұстағым келеді. Өйткені ораза ұстамақ салмағы, жүгі ауыр. Оны бала тұрмақ, ересек адамдардың өзі ұстап жүруі қиын. Осы тұрғыдан келгенде балалардың ораза ұстағанын мүлдем қолдамаймын. Жаңа айттым ғой сауап, парыз деп жатады. Оны өз басым түсінбеймін.

– **Әй, бәрекелді! Жақсы ойлар айтылды деп ойлаймын. Осыдан әрі қаз-балалай-ақ қойсақ болар еді. Бірақ, әліңде «сауап» пен «парыз» жайлы айтылып қалды. 5-6 жастан бастап ораза ұстау сауап деп жатады. Қоңдыбай қажы, сауап және парыз дегенді қалай түсіндірер едіңіз?**

– 5-6 жастан бастап ораза ұстау дегенді мен естімеппін. Осы айтылған жастан баланы намаз оқуға үйрету қажет дегенді білемін. Ал, енді ораза ұстасын деген қате түсінік.

– **Дархан мырза сіз не дейсіз?**
– Бұл енді дін мамандары жауап беретін сұрақ сияқты. Мен білетін діндерде баланы ерте жастан діни рәсімдер-

Ал енді, негізгі тақырыбымызға оралайық.

ОҚЫ, ОҚЫ ЖӘНЕ ОҚЫ

– **Әлгіңде өздеріңіз тыңдаған аудиоза- жазбадан оқушылардың сабаққа ын- тасының жоқтығын, оразаны ауыр- лайтынын естідіңіздер. Ал, кәмелет- ке толған балаларға ораза ұстама деп шектеу қоя алмаймыз. Осы тұрғы- дан келгенде, ораза ұстайтын бал- ларға сабақ кездерінде жеңілдіктер болуы керек пе? Тақырып негізінен мектепке қатысты болғандықтан әңгімені де білім саласының маман- дры бастазаны дұрыс шығар. Шолпан Советқызы, Сіз не дейсіз?**

– Ораза ұстауға ниеттенген бала, осы қадамға қаншалықты қиын болса да парызды орындаймын деп келді деп ойлаймын. Жеңілдіктер жасалса мектеп бағдарламасының орындалуы қай- да қалады? Ораза ұстанған балаларға сабақ кезінде жеңілдіктер болмайды және болу керек деп те ойламаймын.

– **Бұл жайлы білім бөлімі не дер екен? Гаухар Нәбиқызы, сіздің ой- ыңыз?**

– Оқушыларға ораза ұстағанда үл- герімімен мен денсаулығына жағымсыз

да, басқа да діни рәсімдер әркімнің өзі үшін жасайтын жеке шаруасы.

– **Осы тұста тағы бір сұрақ туындап отыр. Мұғалімдер тарапынан ораза ұстауға шектеу қою қаншалықты заңды? Дәке, әңгімеңізді жалғап жіберіңізші.**

– Мектеп мұғалімдері ешкімге ораза ұстама деп шектеу қоймайды. Ондай талап жоқ. Бұл жерде оразаны желеу етіп сабақ үлгерімі түсіп кеткен балалармен белгілі бір жұмыс жүруі мүмкін. Ол – мұғалімнің міндеті. Сондықтан, мектепті мейіпке қарсы көрсетіп, сұрақты бұлай қою қате деп ойлаймын.

– **Психологтың ойы қандай?**

– Әр мұғалімнің міндеті, оқушыға білім беру. Оқушы тарапынан құлқы жоқтығы білініп жатса, Сынып жетекшісіне, ата-анасына ескертіп, шектеу қойғандары жөн. Бірақ оның жеке тұлғасына тіл тигізбей, елдің алдында алапай айтуына болмайды. Бұл баланың құқығын бұзған болып есептеледі.

– **Мұғалім не дейді екен? Шолпан Советқызы сөз сізде?**

– Мұғалімдер тарапынан тек түсіндірме жұмысы жүргізіледі. Соңғы шешім ата-ана мен бала тарапынан қабылданады.

– **Гаухар Нәбиқызы, сіздің пайымыңыз?**

– Мұғалімдер тарапынан ораза ұстауға шектеу қою Жезқазған қаласының білім ұйымдарында кездеспейді. Себебі, негізгі тәрбие отбасында беріледі. Егерде бала өзі қалап, ата-анасы рұқсат берсе – ораза ұстауға бет алады. Сондықтан ұстаз тарапынан уақытылы дұрыс ақпараттық-түсіндірме жұмы-

– **Шолпан Советқызы не айтамыз?**

– Ата-аналар тарапынан балаларды қинап ораза ұстату нағыз өзіміздің дінді ұстаған мұсылмандарға жат қылық. Әр адам жүрек қалауымен, ақ ниетпен, біреудің мәжбүрсіз ораза ұстау керек. Мен мұндай қылықтарға түбегейлі қарсымын.

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ

– **Рақмет! Бұл тақырыпты да бір- жақты еткен сыңайлымыз. Десек те ойды ой қозғатпа деп айтамыз. Жоғары- да сөз қозғатқан кісілер оразаның бала азасына әсері жайлы да айтып қалды. Жасыратыны жоқ, жастарымыздың көбі оразаны толықтықтан арылудың бір жолы деп те қарайды. Бұған Қоңдыбай қажы не дер екен.**

– Жалпы, ораза ұстайтын адам оны денсаулығына пайдалы деп емес, Алланың алдындағы парызым деп ұстайды. Әр адам саналы түрде, мен балиғат жасына толдым, денсаулығым келеді, Алла маған әмір етті мен парызымды өтеуім қажет деп ұстауы керек. Ал, енді денсаулығыма пайдалы, иә болмаса мен арықтайын, не болмаса әлдебір жаман әдетімнен тыйылайын деп ұстаған ораза ораза болып есептелмейді.

– **Жақсы, қажеке. Әңгімеңізге рақмет. Енді кезекті мамандарға берейік. Олар оразаның азға, психологиясына әсері жайлы не айтар екен. Марат Кемелбекұлы – Ұлытау аудандық ауруханасының педиатр-дәрігері. Мәке, сөз сізде.**

де медицина саласының маманы болдыңыз ғой. Сіз не дейсіз?

– Жалпы, медицина дәлелдеп жатыр ғой, оразаның үлкендерге пайдасы зор. Бір ай ашықта болғанда асқазан тазарады. Ал, енді балаға келгенде айтарым, бала мен ересек адамның ағзасы екі түрлі ғой. Баланың асқазаны да, шегі де, асқорыту жолдары да толық жетілмеген. Күн ұзақ аш жүріп кешкіні тоя тамақ ішкенде ол асты қорғатын бауыр мен бүйрекке ауырлық түсуі мүмкін. Толық жетілмеген организм бұған шыдап беруге қиын. Көтере алмайды. Жас балаларға ораза ұстауына әлі ерте дейтінім де сол. Бала ересек адамдардай емес. Ауызашар кезінде өзін-өзі ұстай алмайды. Тамақты шамасынан тыс жеп қояды. Ол асқазанға ауырлық әкеледі. Психологиясына да әсер етуі мүмкін. Он бес жастағы бала ораза ұстағанда он бес жыл бұрынғы дағдысынан жаңылып, түн ортасында сәресіге тұруы да оның психологиясына әсер етері анық. Ұйқысы қанбай, күн ұзақ шаршапқы жүреді. Биылғы ораза көктемге келді. Бұл жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы. Оның үстіне баланың ағзасы әлсіз болады бұл кезде. Осы уақытта ораза ұстап, аш жүру бала психологиясын бұзары анық. Сондықтан, бала оны мен солын әбден танып, өз ісіне өзі баға бере алатындай болған кезде барып қана ораза ұстағандары жөн.

– **Ал, бұған психолог не айтар екен?**

– Иә, көктем адам ағзасының әлсірейтін кезі. Бұл уақытта ораза ұстаған баланың ұйқысы келіп, шаршап, ойы басқа жаққа ауып, сабаққа ынтасы төмендеуі мүмкін. Психологиясына, көңіл-күйіне, мотивациясына кері әсерін тигізеді.

– **Гаухар Нәбиқызы не дейді екен?**

– Адам миының қан тамырлары үлкен, бірақ ас қорыту жолында тамақ толы болса, миға баратын қан азаяды, өйткені ас қорыту жүйесінің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін, қан асқазан мен оның төңірегіне жиналады. Ораза ұстағанда ас қорыту жүйесі артық астан арылып, қанды қажет етпейді, сондықтан қан миға қажетті мөлшерде барады. Замануи медицинаның дәлелі бойынша тамаққа тым тойып алып сынаққа кіргенде нәтиже төмен болып, ораза кезде жоғары шығатыны рас екен, жөн-жобаны біліп ұстаған ораза пайдалы, жөнсіз, білімсіз ұстаған зиян екені мәлім.

Бала психологиясына әсері – ашу-шаңдықтан арылып, сабырлыққа келу арқылы мақсатына жету жолы бар. Сабырлы бола тұра өмірдің ыстық-суығына, қиыншылығы мен таршылығына төтеп беріп, қамалдай болады.

– **Шолпан ханымның ойын білсек...**

– Жаңа қалыптасып келе жатқан ағзаға оразаның пайдасы жоқ деп ойлаймын. Жетіліп келе жатқан тұлғаға дұрыс тамақтану керек. Қажетті мөлшерде ұйықтау керек. Жоғарыда да айтып кеттім. Қайтсем де ораза ұстаймын деп ниеттенсе, дәрігермен ақылдасып ұстаған дұрыс деп ойлаймын.

Оразаның бала психологиясына әсері бар деп ойлаймын. Оразаның не екенін түсініп ұстаған баланың мінезі салмақтанады, жақсылық жасағысы келіп тұрады. Жат қылықтар жасамайды. Сөз сөйлегенде орным сөйлейді. Кішіпейілділік танытады.

ТҮІШ

Хоош делік. Бүгінгі пікір-сайысқа қатысып, орамды ой, пайымды пікір айтқан баршаныңа Алланың нұры жаусын. Ұстаған оразаларыңыз қабыл болсын дейміз. Бүгінде әлеуметтік желідегі әңгімеге арқау болған тағы бір өзекті мәселе төңірегінде ой өрбітіп, елге жөн сілтей алдық деп ойлаймын. Осы әңгімеміз өрбіп жатқан тұста әлеуеліде Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының өкілі талқыдағы тақырыпқа орай өзінің ой-пайымын жазған екен. Біз де бүгінгі пікір-сайысымызды сол түсіндірмемен түйіндегенді жөн көрдік.

ТҰТУУЫ

СЕБЕП БОЛУДА



Дархан МҰҚАН,
Сәтбаев қалалық ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі



Гаухар ЖАҚЫШБЕКОВА,
Жезқазған қалалық білім бөлімінің бас маманы



Шолпан АДАМЬЯНОВА,
№3 жасалы орта білім беретін мектептің директоры



Гүлім ОРАЗАЛИНА,
Жезқазған қаласының К. Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің педагог-психологы

ге бұлай мәжбүрлейтін талаптар жоқ. Одан кейін адам құқығы, бала құқығына қатысты халықаралық нормалар бар, әрі беріден соң медицинаның талаптары бар. Әрбір ата-ана алдымен соларды басшылыққа алғаны дұрыс.

– **Гаухар Нәбиқызы сіздің пайымыңыз?**

– Діни ұстамымызбен балиғат жасына жетпеген балаларға, оның ішінде 5-6 жастан бастап ораза ұстау міндет емес. Ал, тәрбиеге келсе 7 жастан балалардың жақсы мен жаманды айыру қабілетін бақылай отырып, тек алғашқы түсініктерді беру қажет.

– **Шолпан Советқызы, Сіздің ойыңыз?**

– Сауап – дегенді мен жасаған игі жақсылықтардың жиынтығы деп түсінемін. Ал, парыз деген игі істерді жасау керектігін, яғни борышын деп түсінемін. 5-6 жастан ораза ұстаған бала сауап дегенді түсінетініне күмәнім бар. Ойын баласына жаман мен жақсының арасын ажырата білуді жас ерекшелігіне қарай жайлап түсіндірген дұрыс сияқты. Мен ойлаймын әр баланың жүрегінің тазалығына жол салу керек. Істеген ісі мен жүректегі ниеті бір-біріне астасып жату керек. Жасаған іс пен жүрек тазалығы болғанда ғана сауап пен парыз орындалады. Бұл – менің пікірім.

– **Мағзұмбек аға, сіз түйіндеп жіберсеңіз.**

– Жалпы, кәмелетке толмаған бала ораза ұстамауы керек. Жасыратыны жоқ, қазір жастар арасында елік-теушілік деген бар. Ораза ұстауды да солай еліктеп жатады. 5-6 жасты айтапанда одан да ересектері ораза ұстаудың тәртібін сақтай алмайды ғой. Мұны оларға түсіндіру қажет. Оразаларың қабыл болсын, ұстаған жан!

– **Әмин Мақа. Хоош сонымен бұл мәселені де дәлелдеп тастадық. Елдің пікірі әр нәрсенің өз уақыты бар дегенге саяды. Ол да әсон екен.**

немесе зиян келтіретін жағдай туындамау керек екенін түсіндіре отырып, жағымды жағын айтқан жөн:

– зеректілік пен ұқыптылық артады;
– ашуға берілмей, сабырлы болуды үйретеді;

– дене әлсіздіктен құтылады, рух жай табады, мидың дельта толқындары реттеледі және адамгершілік артады;

– жамандықтан бас тартып, көптеген игілікке қол жеткізіп, тұла бойына сіңген жақсы мінезді тәрбиелеуге мүмкіндік табады.

Осы ұғымдарға жататын мінез-құлықпен жастар ораза ұстанса-жеңілдіктер туралы сөз тұмайды.

– **Психологтың пайымы қандай?**

– Әңгіменің басында айтылды, ешбір адам ораза ұстағанда біреуге міндет артпауы керек. Сауап үшін ұстады. Парызым деді. Парыз дегеннің өзі адамның мемлекеттің, қоғамның, дінің алдындағы орындауға тиісті борышы деп қарайықшы. Әр адам сол борышын орындауға тиісті. Ендеше ораза ұстаған оқушы да өзінің борышына адал болуы керек. Оразаны міндетсіз-бей сабағын да оқып, қоғам алдындағы парызын өтеуі қажет. Қазіргі парызы сабағын оқып, білім алуы деп түсінуі керек. Ал, енді жеңілдік деген мүлдем болмауы керек. Ораза ұстаған оқушы бұған саналы түрде, ата-анасының келісімімен келді ғой. Бес парыздың бірі екенін, оның жауапкершілік жүгі ауыр екенін біліп келді ғой. Сондықтан, мен оразамын деп сабақ оқымағаны парызына жауапсыз қарағаны. Жалпы, бала бірінші кезекте оқуды алға қоюы керек. Басқа қызығушылықтарын қолы боста айналысуы керек деп есептеймін.

– **Әй, бәрекелді. Дархан Қабылдашұлы сіз не айтасыз.**

– Дін мен мемлекет бөлек деп жатамыз ғой. Оның нақты мысалы міне осы жерде көрініс береді. Неге біреудің жеке шаруасы үшін оқуда, жұмыста жеңілдік берілуі керек? Ораза да, намаз

старын жүргізіп, жақсы жолмен, шын ниетпен ұстауға жұмыс жүргізген жөн. Басқа жағына ауысып, қате қабылдамау үшін.

– **Қоңдыбай қажы Сіз не дейсіз?**

– Әрине, мұғалімнің ондай шектеу қоюы дұрыс емес деп ойлаймын. Бұл жерде ата-ана мен мұғалім бірлесіп балаға түсіндіру жұмысын жүргізгендері жөн болар еді.

– **Ал, егер ата-ана сол балаға ораза ұста деп мәжбүрлеп отырған болса қайтпек керек, қажеке?**

– Егер, оразадан хабары бар болған кісі болса, өз баласына ораза тұтудың жолдарын үйретеді. Және бірінші кезекте оның денсаулығына назар аударады. Егер денсаулығында ақауы бар болса, ата-анасы оның оразаны көтере алмайтынына көзі жетіп тұрған болса, ол балаға мәжбүрлеп ораза ұстатпасы анық деп ойлаймын мен.

– **Гаухар ханым, сіздің ойыңыз.**

– Ата-аналар арасында оқу жылы бойы кездесулерде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, баланың құқығын бұзбай, өз таңдауы болу керек екенін анықтау ұстаздардың міндеті.

«ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

Әлеуметтік желілер мен мектеп мұғалімдерінің whatsapp чаттарында ораза ұстаған оқушылардың оқу үлгерімі мен денсаулығына қатысты мәселе талқылануда.

Осыған орай әлеуметтік желі қолданушылары мен ата-аналар тарапынан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына (ҚМДБ) жас балалардың ораза ұстауына қатысты сауалдар келіп түсуде. Осыған байланысты ҚМДБ төмендегі ақпараттық түсіндірмені қаперлеріңізге салады:

Біріншіден, шариятымыз бойынша балиғат жасына жетпеген жас балаға ораза ұстау – парыз емес. Бұл туралы Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Үш адамнан қалам көтерілді: айыққанға дейін жындан тұртқан адамнан, оянганға дейін ұйқыдағы адамнан, балиғатқа толғанға дейін баладан».

– Қазіргі таңда көптеген балалардың асқазаны аурады. Ораза баланың асқазанына күш түсіруі мүмкін. Ал енді жетіліп келе жатқан баланың организмді ұдай түрлі дәрумендермен қатар, құнарлы тағамдарды ішіп-жеуді қажет етеді. Сондықтан оразаға ниеттенушілердің 15-16 жастан бастап ораза ұстағандары жөн деп санаймын. Балалар ораза ұстаған жағдайда ас қорту жүйесінің жұмыстарымен қатар, ішкі мүшелерінің қызметі де бұзылуы ықтимал. Сондықтан, егер ата-ананың баласына ораза ұстатуға ниеті болса, алдымен маман-педиатрдың кеңесіне жүгініп, баланың денсаулығы оразаға қаншалықты жарайтынын тексереткен жөн.

Оразада тек ішіп-жеуден ғана емес, гайбат сөз сөйлесуден, өсек-аяннан ада болып, жамандықты көруден де тыйылуы керек адам. Сондықтан, үлкеннің де, кішінің де бойына имандылық нұры құйылып, ұстаған оразасы қабыл болсын.

– **Әмин, Мәке. Сізге де Алланың нұры жаусын. Ал, біз әңгімемізді одан әрі жалғайық. Майра Смағұлқызы, сіз**

Біз бұл хадистен балиғатқа толмаған жас балаға құлшылық жасау, оның ішінде ораза ұстау міндет емес екенін түсінеміз.

Екіншіден, балиғатқа және кәмелетке толмаған жас баланың ораза ұстау кезінде оның организмінде әлсіздік, дәрімсіздік пайда болуы мүмкін.

Бұл жағдай кішкентай бұлдіршінің денсаулығына кері әсер етуі, сонымен қатар оның толыққанды білім алуына кедергі келтіруі мүмкін. Ата-аналарға осы мәселеге аса көңіл бөлуге кеңес береміз.

Кез-келген құлшылық, оның ішінде ораза толыққанды білім алуға, тиянақты жұмыс істеуге кері әсер етпеуі керек. Оразаны себеп етіп, әркімнің өзіне жүктелген жауапкершілігіне немқұрайлы қарауына болмайды. Өйткені, әр адам сауап амалды өзі үшін орындайды.

Үшіншіден, ата-аналардан балиғат жасына жетпеген балаларды ораза ұстауға мәжбүрлеуді сұраймыз.

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Төрехан МАЙБАС, жазушы.

(Жалғасы. Басы газеттің №12 (8275), №13 (8276) сандарында)

Қырық күн шілдеде тазыны аңға қоспайды. Ыстықта қызыл ет болады деп. Қыс шілдеде тартып семіретін қасқыр жаз шілдеде жатып семіреді. Бұл уақытта қасқыр бөтегесі бөртпін семірген құстарды торуылдайды. Әсіресе олар дуадаққа өш келеді. Дуадақ жерден көтерілгенше орнында басып қалады.

Жемтік жейді, өлексе жейді дегенімізбен итке қарағанда қасқыр таза. Қазақта жүріс алған адамға қаратылып айтатын жалап деген сөз бар. Иттің тісі тиген жерді де жалап деп айтады.

Ал бөрте бөлтiрiктерiн апаннан тысқары жерде қоректендіреді. Онысы апан айналасы лас болма-сын дегендік. Ауру-сырқаудан да тыс болады.

Барлық жыртқыштар сынды жал да құсып жемейді. Жеті аптада бөлтiрiктер еттi сүйектен ажыратып жей алады. Сегізінші аптада бөлтiрiктердiң қорегі тірідей келе бастайды. Көп ұзамай бөрте оларды емізуден бас тартады.

Бөлтiрiктердiң қасқыр тірлігі басталады. Қоңыр күзде олар да жалдың қатарын толықтырады. Топтасып аң қағуға жарайды. Қазан айында «абадандық» үшін төбелес/қырық басталады.

Қасқыр шамамен күніне жарты пұттан астам ет жейді. Қорек іздегенде күніне екі жүз шақырым жер өте алады. Су жоқ болғанда мұз қаршиды. Қарда тұз жоқ болғандықтан оны жалай қоймайды. Өлексемен де қоректен береді.

«Шалда» әуек Шалдың пәрменімен

«Гарринчасын» тартады. Ал әуекте

сегіз жал жүр. Ол айтып

отырған сегізімізге жетпейді.

Қасқырдың қасақы тағы

екендігі белгілі. Олай болса олар бір қоймен

шектеле алмайды және олар кем дегенде

«отардың» жартысын қырып салуы керек еді.

Ұлығанда бастарын қосады.

Жер аумақтарын белгілейді.

Аңға шығады.

Ит аяғын жастанып ұйықтайды.

Қасқыр да солай басын кезек-кезек екі аяғына қойып

ұйқысын қандырады.

Бөрі жортады. Ит шаңытады.

Ит құйрығы сымпыл келеді.

Ит қабады, талайды, қасқыр ауыз салады.

Иттің бұралқысы тіміскеленіп жүреді.

Қасқырдың бұралқысы жалғыз жорта береді.

Ит талайды, қасқыр тартады. Көрі төбет бапылданады.

Қазақта негізінен итбегі деген сөз жоқ. Бәлкім, болған шығар. Жадымыз қысқа ғой. Ұмытып қалған болармыз. Тілімізде атбегі, күбегі тіркестері бар.

Олай болса итбегі тіркесі неге болмайды. Бұл сөзді бірінші рет «Көрлеуіт» хикаятымда пайдаландым.

Кейін «Итбегі» деген әңгіме де жаздым. Бүгінде елдің бәрі итбегі деп жазады.

Жатыр деп тек адамға қаратып айтатынымыз белгілі. Қара малға қаратып үйі дейді.

Түлкіге қаратып айтқанда да үйі дейді. Түлкі үйігеді ғой.

Итке қаратып ұйы дейді. Ит ұйығады. Қасқырға қаратып қары дейді. Қасқыр қарығады ғой.

Табиғатына байланысты шуланға қарағанда жалы өлім-жітімге көбірек ұшырайды. Сондай себеппен әуектің абадансыз, әрі-беріден кейін бөрісіз қалатын күндері болады.

Бұл жағдайда әуек (құртқа) бөріні ауылдан іздейтін болады. Бөріге иттің бәрі жарай бермейді.

Құртқа бөркезді іздейтін болады.

Ел итті қасқырдан тараған деп біледі, әрі-беріден кейін қасқырдың азғыны деп біледі.

Шын мәнінде ит қасқырдың емес, шиебөрінің тұқымы. Байқайсыз ба, бөрі сөзі алдымыздан тағы шығып отыр. Бұл тегін емес.

Арқада он сегіз мың жылқы біткен Адамбай, Тұрсын деген шалқұйрықты байлар өткен. Сол Адамбайдың Құтпан деген бөрібасары болыпты. Соны шүйкілақты деп отырушы еді. Бұған қарағанда шиебөріміз шүйбөрі болса керек.

Қасқырдан тарайтын ит тұқымына кәдімгі төбет пен орман төбеті/лайка жатады. Қасқырды бір алса осы төбеттер болады. Өйткені түбі бір.

Қасқырды ғылыми тұрғыдан жіліктегенде ит тұқымдас деп тәсірлейді. Қасқыр тұқымдас деп айтпайды. Олай болса қасқырдың түп атасы ит пе, әлде иттің түп атасы қасқыр ма – оны зерделейтін уақыт әлі алда деп білу керек...

Әлгі әуек (құртқа) ауылдың төбетін өзімен бірге алып кеткенде бес-ақ күнге алып кетеді. Өйткені бөрісірғақ бес күнге созылады. Бес күн бойы төбет абадан да болады, бөрі де болады. Иттің абадан болатын жері осы. Иттің бөрі болатын жері де осы.

Қазақ итті қасқырдың азғыны деп білетінін айттық. Қасқырға тән бекзада қаснеттердің барлығы да итте кемшін, не жоқтың қасы. Қазақта «ризамын азу тісіме» деген мәтел бар.

Итті ақылды хайуанаттар қатарына апарып қосып қоятынмыз бар. Рас, ол ақылды, алайда қасқырдан ақылды емес. Ең ақылды деген иттің парасаты үш айлық қарақұлақтың ақылынан аспайды.

Дене тұрқыларында да айтарлықтай айырмашылық бар. Ең алып деген төбеттің өзін қасқырдан кемі екі есе кіші болады. Итке қарағанда қасқыр тарамысы болып келеді. Соған орай кей халықтар ит етін тұтынғанымен қасқыр етін тұтынбаған.

Әуелде осындай мәтел бар ма еді деп ойланасың? Бар болған соң айтылады да. Тістің бәрі мықты. Алайда азу тістен мықтысы жоқ. Жыртқыштардың барлығы да азу тісті болып келеді. Олардың күн

көрісі осы азу тісіне байланып қалған. Өйткені осы азу тістерімен қорғанады, қорегін табады.

Азу тіс жаугершілік замандағы қазақ баласының алтыншы қаруы болған. Қолға түсіп қалғандай болса, шимандай байлаған арқан не жіпті осы азу тісімен шешкен. Қайырып айтқанда азу тісін түйнеп ретінде пайдаланған.

Содан жігіттер бәстесіпті. Ит қасқырды ала алмайды депті. Сонда Ысқақ ағамыз алады депті. Өйткені ағамыздың жас кезінде ауыл иттерінің қасқыр алғаны болыпты. Оның тұқымы ағамызда болса керек. Шамасы онысы бөркез болса керек. Бірақ азған-ау шамасы...

ҚАСҚЫР – БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ КОДЫМЫЗ!



Тағы да бір жойдасын алып келеді.

Басқасы басқа, әлгі «бөркезі» де жақындай алмайды қасқырға.

Ызаланған ағамыз әлгі жойдасын тірідей сойыпты.

Сонда да бір ит жолай алмайды дейді. Көргендер айтады. Тірідей сойғанда да қасқыр дыбыс шығармапты.

Құсқа құс салғанды саят дейді. Мұнымен заманында көбінесе қыз балалар әуес болған.

Аңшылыққа да сыймайды. Аңшылық болған соң-ақ оның артында қарын қамы жатады.

Тон үшін, тымақтық пұшпақ үшін түлкі қағу, қоян қағу бар. Оны шалдыру дейді. Тұзақпен, қақпанмен алғанды түсіру дейді.

Ертеде ағаларымыз іштері пысқанда қасқырды

итпен талатуға шығатын. Інішегіміздің айтып отырғаны сол ма деймін. «Сі ілгерлегеннің иті ат үстінен оттайды» деген де мақалымыз бар.

Ит – жеті қазының бірі. Ит аузындағысын иесіне жырып берген. Бабаларымыз да қарыз болып қалмаған. Ол аузындағы адалымен бөліскен.

Ол адалы – ешкі түлігі еді. Күнделікті ішіп-жемінде қой өзінен аспаған. Ал ешкінің жөні бөлек. Оны іш қатырады деп қазақ баласы түлік ретінде өсіре қоймаған. Осыған орай етін жаратпаған. Адал бола тұрып, Есесіне итке қиған. Алайда ит те ешкі етін жемейді. Сол ешкі етін итке жеуді үйреткен. Ешкі етін жеген итке ермен жегізген. Ерменді, жалпы, ешкі мен қой жеген. Ал ермен ешкі майын қатып қалса ертеді, әйтпесе қатуына жол бермейді. Мақал осыған орай туған.

«Тілімізде қасқыр ішікті, ит аяқты» деген де мәтел бар. Мәтелдің «қасқыр ішікті» біршама түсінікті болғанымен «ит аяқтысы» еріксіз тосылтады.

Қасқырдың терісін илеп, ішік тіккен. Сыйлы қонақ келгенде аяқ астына қасқыр терісін тастаған. Аттанғанда қасқыр ішік кигізген. Қасқыр ішік кигізу үрдісі бар болғанымен елдің бәрине бірдей қасқыр ішік киізе бермеген. Мұндай құрметке қырық жастан асқан ер-азаматтар ғана бөленген. Себебі еркектің жілік майын ағзып жібереді деп есептеген.

Ал «ит аяқтының» жайы басқаша. Итаяқ деп әдетте итке ас салатын ағаштың қайынынан тұтастай шабылған ыдысты білеміз. Ал айтып отырған атауымыз иттің терісіне қаратылып аталған атау. Иттің терісі ішікке жарамағанымен аяқтонға жарайды.

Сонымен итаяғымыз – итаяқ/тон. Ит терісінен жасалған етік. Мына сібір жұрты күні бүгінге дейін қысқы етікке ит терісін пайдаланады, оларын унты деп әспеттейді. Олары суыққа төзімді келеді, суық өткізбейді. Тілімізде итен деген сөз бар. Бұл өзі ит тон деген сөзден шыққан. Сол итеніміз осы ит терісінен жасалған аяқ киім, аяқтонымыз, унтымыз.

Иттің тағылануы болғанымен, қасқыр қолға үйренбейді. Жабайыланған иттер баршылық. Динго соған жатады. Дингоның әдепкі иттерден айырмашылығы олар да қасқыр сияқты топтанып өмір сүреді.

Көзін аспаған, қарақұлақтанбаған бөлтiрiктердi асырағандар болған. Алайда олардың ешқайсы табиғатынан аспаған. Адам көзі тайған жерде қасқырлығын істеген.

Қазақ баласының төрінде ит жатқан. Оның өзінде тазысы. Тазының бөрі де таза бола бермейді. Қанша жерден жуып-шайып тазалағанмен ит иісі шығып тұрады. Алайда туа тазасы болады. Ит иісі болмайтын. Оларды әлек деген. «Әлекейді жаланып» деген сөз тіркесі соған орай айтылған. Мал дәрігерлік сауаты бар, жөн білетін ағайындар айтқанымызды қуаттайды. Олардың айтуынша ондай иісті тері безі шығарады. Кей жағдайда сол тері бездері жетілмей қалады. Тазының таза болатыны содан. Соған орай ит жалаңшақ болады.

Осы әлек сөзін теріс түсінушілік бар. Тазының жүйрігі деп. Шын мәнінде ол тазының тазасы.

(Жалғасы бар).

АҚПАРАТ АРНАСЫ

Әскерден жалтарғандар 3 млн теңгеден астам айыппұл төлейді

Қазақстанда көктемгі әскерге шақыру науқаны өтіп жатыр, бұл 30 маусымға дейін жалғасады.

Ведомство азаматтарды шақыру пункттеріне медициналық комиссиядан өту үшін шақыруға қатысты барлық рәсімдер заңнамаға сәйкес жүргізілетінін де хабарлады. 18-ден 27 жасқа дейінгі әскерге шақыру жасындағы жасөспірімдер шақырту қағазы және sms-хабарламалар барған жағдайда медициналық комиссиядан өтуге келуі қажет. «Егер әскерге шақырылушы бірнеше рет хабарлағаннан кейін жинау пунктіне келмесе, онда жергілікті әскери басқару органдарының қызметкерлері полиция қызметкерлерімен бірлесіп жалтарушының тұратын және жұмыс істейтін жеріне барады. Шақыру медициналық комиссияның нәтижелері бойынша шақырылушының мерзімді әскери қызмет өткеруге жарамдылық дәрежесі айқындалады. Егер жас жігіт жарамсыз деп танылса, онда сол күні ол жинау пунктінен үйіне қайтады. Егер әскерге шақырылушы қосымша тексеруді қажет етсе, онда ол медициналық мекемелерге жіберіледі», - делінген министрліктің хабарламасында. Медициналық комиссия тексеруінен сәтті өткен және қызметке жарамды деп танылған әскерге шақырылушылардың әрбірін әкімнің орынбасары төрағалық ететін шақыру комиссиясы дербес қарайды. Осылайша, әскерге шақыру туралы шешім қабылданады. Сонымен қатар, ведомство шақыру бойынша медициналық комиссия мен әскери қызметтен жалтару әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік ретінде қаралатынын еске салды. Шақыру қағазы бойынша медициналық тексеруге келмеген жағдайда 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. «Әскери қызметтен жалтару 1 мың АЕК мөлшерінде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзету жұмыстарына, не 400 сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе одан айыруға әкеп соғады.

БЖЗҚ:

Салымшылардың дені қаржысын тұрғын үй сатып алуға жұмсаған

Зейнетақы жинағы арқылы тұрғын үй алуға және емделуге 1,7 млн-ға жуық өтініш орындалды.

1 жыл 4 ай ішінде салымшылардың арнайы шотына 3,1 трлн теңге аударылды. Өтініштердің ең көбіні – Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары мен Маңғыстау облысының тұрғындары жолдаған. Салымшылардың дені қаржысын тұрғын үй сатып алуға жұмсаған. Оған жалпы соманың 64,4% немесе 2 трлн теңге кеткен. Ал емделуге 293,5 млрд теңге берілді. 381 мыңға жуық азаматтың өтініші қабылданды. Оның 96 пайызы қаржысын тіс емдеуге жұмсаған. Сонымен қатар офтальмологиялық қызметтер мен орфандық ауруларды емдеуге бағытталыпты.

Мұнайдың бір баррелінің құны 200 долларға дейін жетуі мүмкін

Мұнайдың бір баррелінің құны 200 долларға дейін жетуі мүмкін. Бұл туралы Энергетика министрі Болат Ақшолоақов айтты.

Мәжілісте тілшілер министрден мұнай бағасы қандай деңгейге дейін қымбаттауы мүмкін екенін сұрады. «Барлығы геосаяси ахуалға байланысты. Бір баррелдің құны 200 долларға дейін жетуі мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды. Кезінде Ресей үкіметі төрағасының орынбасары Александр Новак мұнайдың баррелінің құны 350 доллар болуы мүмкін екенін айтқан еді. Бұл салада түрлі сценарийлер бар», - деді Б. Ақшолоақов. Оның айтуынша, қазіргі кезде Қазақстан 87,5 млн тонна мұнай өндіреді, оның ішінде ішкі қажеттілік – 18 млн тонна. «Мұнайдың елеулі бөлігі экспортқа шығады. Сондықтан мұнайды қымбат бағаға өткізуден ұтарымыз анық», - деді министр. Айта кетейік, Энергетика министрі Каспий құбыр консорциумы бойынша жөндеу жұмыстары әзірге басталмағанын айтты. Еске салсақ, наурыз айының соңында Қара теңіздегі дауылдың салдарынан Каспий құбыр консорциумының құбыр жүйесіне зақым келді. Бұл Қазақстанның мұнай өндіру көлемі қысқаруына алып келуі мүмкін екені айтылды. Кейін ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолоақов Каспий құбыр консорциумындағы жағдайды баяндады.

«ҚазАқпарат», Ұлттық арна, сыйтынан алынды.

КӨРНЕКІ АҚПАРАТ – НАСИХАТ ҚҰРАЛЫ

Тіл мәселесі – біздің елімізде ешкімді немқұрайлы қалдырмайтын нәзік те өткір мәселе. Әсіресе қазіргі жағдайда, елімізге сырттан ағылып өзге ұлт өкілдері келіп жатқанда. Ел Президенті айтқандай ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады. Қазір қаламызда халық арасында мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейтуде насихат құралдардың бірі – көрнекі ақпарат құралдарына ерекше мән берілуде.

ҚР-ның «Тіл туралы» заңның көрнекі ақпарат құралдары жайлы 21-бап талаптарын жүзеге асыру мақсатында қала әкімшілігінде мәдениет пен тілдерді дамыту бөлімінде ішкі саясат бөлімі, мәдениет пен тілдерді дамыту бөлімі қызметкерлерінен, қалалық мәслихаттың жас депутаттарынан, Жастар одағынан, «Қазақ тілі» қоғамының белсенді мүшелерінен құрылған жұмыс тобы жұмыс істеп жатыр. Облыстық Тіл комитетінің тоқсан сайын бір ай бойы өткізетін «Ақпараттық және көркем жарнамаға – сауаттылық» акциясына да бір адамдай атсалысып жатырмыз. Жұмыс тобы өткен жыл басынан қаладағы сауда орындарын, қаладағы банк саласын, денсаулық саласын, «Қазпошта», «Халыққа қызмет көрсету орталығы» мекемелерін, «Қазақмыс» корпорациясының кәсіпорындарын тексеріп, кейбір мекемелерге аударма жағынан көмектесіп корпорацияның денсаулық орталығына өткен жылы қала көлемінде 30-дан астам рейд жүргізді, биыл жыл басынан 6 рейд жүргізді. Сонымен қаламызда тіл ахуалы қандай?

Тіл мәселесінде қала ретке келе бастады. Ескерткіштер ескеріліп жатыр. Қала көшелерінде баннерлер, жарнамалардың, сауда орындарының қазақи келбеті реттелді. Көптеген жерлерде екі тілде жазылу қалыптасты. Бірақ кемшіліктер толастар емес. Кейде бір барған дүкенге жұмысқа барғандай қайта баратын болдық. Кейбір сауда орындарында сатушылар жиі ауысады немесе ол бөлім жабылып, орнын басқалар басады, не дүкен иесі болмайды, сатушылар «мен жауапты емеспін» деп ескерту қағазын алғысы келмейді, ескерту қағазы иесіне жетпейді. Алайда, әрбір кәсіпкер өзінің ісін бастағанда, дүкенін ашқанда, соған байланысты ҚР-ның «Тіл туралы» Заңын, «Тұтынушыларды қорғау туралы» Заңын, «Жарнама туралы» Заңын білуі керек. Бұны біз жиі айтып жүрміз. Тіл мәселесінде ұсақ-түйек болмайды. «Самади» маркетінде тауарға баға көрсеткіші алдымен орысша (цена/бағасы) жазылған. Жеміс-жидек сататын бөлімдерден онім атауының қазақшасы әлі де көрінбейді. Қоғамдық тамақтану орындарында то-

лықтай қазақ тілінде жазылған ас мәзірлері кездеспейді. Көшеде кейбір мекеме сауда орындарында жүгіртпе жазбалар тілі әлі де орысша. Біздің қалаға келіп «Қазақстанда орыс тілі де мемлекеттік тіл» деп сәудаларын ашқан орыс, өзбек, қырғыз сияқты өзге ұлт өкілдерімен де түсіндірме жұмыстары жүріп жатыр. Өткен жылы «Қазақмыс» корпорациясының қаладағы ірі кәсіпорнына мыс қорыту зауыты, байыту фабрикасы, құю-механикалық зауытына, жылу электр орталығына барғанбыз. Кіріп-шығатын бөлмесінен (проходнойнан) әрі кіре алмадық. Оның керегі де шамалы еді, проходнойдағы ілінген хабарландырудан-ақ орыс тілінің басымдығы көрініп тұрды. Ескертіп, биыл тағы бардық. Мыс қорыту зауытында кірген-шыққан жұмыскерлерге «Масқанды киіңіз» деп электронды дауыс орысшалап тұратын, өшіріліпті, бірақ рұқсатнама беретін терезені орыс тілді хабарландырулар әлі қоршап тұр. Ешкіммен сөйлесе алмадық, ол мекемеде бір тілім қағаз болса да, оны іс-сапарда жүрген тек директор ғана шешеді екен. Биыл Наурыз мерекесінде қазақтың салт-дәстүріне сай киіз үй, наурыз көже таратқан мыс зауытының кең ауласы тамаша безендірілгенімен, көрнекі ақпараттарынан қазақтың иісін сезбеді. Құрмет тақтасы, зауыт озаттары жайлы мәліметтер тек орыс тілінде жазылған. Қарап тұрсақ, кіріп-шығып жатқан кілең қазақ. Құю-механикалық зауытының бір жұмысшысының пропускісін көріп қалдық. Бәрі орысша. Балқыту цехының жұмыскерлерінің пропускісі де тек орыс тілінде жазылған. Халыққа қызмет көрсететін орталықта жарты сағаттан артық отырып, электронды құралының таблодағы санды қазақша шақырғанын көрмедім. Башысы «біз терминалға тұтынушы қай тілде берсе, сол тілде хабарлаймыз» дейді. Келісемін, егер тұтынушы терминалдан керек нөмірін алып, баратын қызметкеріне барса, түсінемін. Ал егер ол табло санын сол жерде отырған қызметкерден қолма-қол ала, заңдағы отырған халыққа электронды құрал хабарлап тұрса, ол хабарлама болады және екі тілде хабарлануы керек. Мысалы, қаламыздағы банк жүйесіне екі тілде хабарлап

тұрады. Әрине, бұл жерде халықтың да қазақ тіліне деген «құрметі» көрініп тұр.

Өздеріңіз байқағандай, мемлекеттік тілдің қолданысына байланысты түсінбеушіліктер негізінен қызмет көрсету саласына, көрнекі ақпарат, жарнамаға байланысты өрістеп жүр және қоғам тарапынан сыңға түсіп жатыр. Өткен жылдың аяғында, 2021 жылдың 29 желтоқсанында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат және діни қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қол қойған заңы көрнекі ақпарат құралдарының маңыздылығын айқындап берді және тілге байланысты құжаттарға бір қадам болса да өзгеріс енгізді.

Заңға енгізілген өзгерістер деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерін орфография нормаларына сәйкес жазуға, орфографиялық қателерге жол бермеуге, сондай-ақ, қазақ және орыс тілдерінде берілген деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерінің мағыналық мазмұнды жағынан сәйкес келмеу фактілерін жоюға бағытталды...Тағы бір ерекшелігі, ономастикалық атаулар ұлттық бояуын, калпын сақтайтын болды. Осы Заң аясында Қазақстан Республикасының 16 заңнамалық актісіне түзетулер енгізілді. Ол заңның баптары 22 қаңтарда, наурызда күшіне енді.

Ең басты өзгеріс, бұған дейін заң міндетті түрде қазақшасымен қатар орыс тілінде болуын міндеттейтін. Ал ендігі жерде мемлекеттік емес ұйымдарға, атап айтсақ, кәсіпкерлік субъектілеріне бланкілерін, маңдайшаларын тек мемлекеттік тілде, қажет болған жағдайда орыс және (немесе) басқа да тілдерде орналастыруға таңдау құқығы берілген. Бұл заң және (немесе) басқа да тілдерде орналастыруға таңдау құқығы берілген. Ендігі мәселе – рейд барысында, халық арасында, мекемелерде заң талаптарын түсіндіру және жүзеге асыру.

Мейрамқұл ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ,
Жезқазған қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы.

Сәуір айының 4 мен 7-сі аралығында Қарағанды қаласында бокстан 2004-2005, 2006-2007, 2008-2009 жылдары туған қыздар арасында ашық біріншілік өтті.

ЖЕРЛЕСІМІЗ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

50-ден астам бұрымды боксшылар қатысқан дода 5 салмақ дәрежесі бойынша өтті. Осы жарыста 2006-2007 жылы туған қыздар арасында 52 салмақ дәрежесінде шаршы алаңға шыққан біздің жерлесіміз – Ақниет Әмірханқызы Күрдебаева I орынды жеңіп алды. Ол Малшыбай ауылындағы мектептің түлегі, қазір бірінші курс студенті.

Намысты абыроймен қорғаған жігерлі Ақниет қызымызға спорттың жарқын сәттерінде толағай табыстарға қол жеткізіп, дүбірлі додаларда жеңістер мен жетістіктерге жетуін тілейміз!

Өз тілшіміз.

ҚАРАУСЫЗ МАЛ ҚАМАУҒА АЛЫНАДЫ

Күн жылынып, қорадағы мал далаға, өріске шықты. Бұл өз тарапынан мәледе де туындатары сөзсіз. Осыған орай Ұлытау аданы әкімдігі мен полиция бөлімі және ауыл шаруашылық бөлімі бірлескен шара ұйымдастыруды жоспарлады.

Жоспар мал жаюдың жаңа қағидаттарын жүзеге асыруға негізделген. Жаңа қағида бойынша елді-мекендерде, сонымен бірге жайылымдарда сырғанабаған, тіркелмеген, қараусыз, бағылмайтын малдардың жүруіне қатаң тиым салынады. Тәртіп бұзушыларға тиісті заңға сәйкес әкімшілік шараға қолданылады. Сондай-ақ, автокөлік, теміржол, бойларында, бекітілген су қорғау аймақтарында мал жаюға қатаң тиым салынады.

Осыған байланысты әрбір селолық округтерде қараусыз малды уақытша қамап қоятын орындарды ашылмақ. Онда жем-шөп қоры мен оларға қарайтын жауапты адам жұмыс істейтін болады. Жаңа қағиданың талаптарын түсіндіру жұмыстары басталды. Және биылғы көктемнен бастап малды бағуды ұйымдастыру тапсырылды.

Нұрлан ҚОНЫСОВ,
Ұлытау аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары.

АҚПАРАТ АРНАСЫ

Аймағамбетов латын қарпіндегі «Әліпбидің» қашан жарық көретінін айтты

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «Әліппе» оқулығын латын графикасымен шығаруға қатысты пікір білдірді. Оның айтуынша, латын графикасы негізіндегі қазақ әліппесіне зерттеу жалғасып жатыр. Соңғы нұсқа әлі қабылданған жоқ.

«Латын графикасы бойынша әлі зерттеу жүріп жатыр. Зерттеулер аяқталғаннан кейін осы мәселе туралы нақты айтатын боламыз. Халыққа жариялаймыз және талқылауға саламыз. Сосын тиісті шешім қабылдаймыз. Бұл ғылым ғой. Біз олар қандай нәтижеге келетінін айта алмаймыз», – деді Аймағамбетов. Министр әуелі латын графикасының соңғы нұсқасын қабылдап алу қажеттігін айтты.

Наурызда Қазақстанда жылдық инфляция 12%-ға өсті

Бұл туралы Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов мәлімдеді.

«Қазақстандағы инфляция ағымдағы жылдың наурыз айында 2016 жылдың қыркүйегінен бері шарықтау шегіне жетіп, бір айда 8,7%-дан 12%-ға дейін өсті», – деді Пірматов үкімет отырысында.

Оның айтуынша, инфляцияға ең көп үлес қосқан азық-түлік тауарлары болды, олардың бағасының өсуі 10%-дан 15,4%-ға дейін жеделдеді, наурызда инфляция 5,8%-ға өсті. Қырыққабат, қант, картоп, қызанақ бағасының жыл сайын айтарлықтай өсуі байқалды. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы 24-29 наурызда жылдық есепте 18,6%-ға дейін өсті. Наурызда азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы 10,9%-ға, ақылы қызметтер 8,3%-ға өсті.

Ресейге салынған санкциялар азық-түлік дағдарысына алып келді

Көріні Ресей Федерациясына салынған жатқан санкция салдары әлемдік деңгейде азық-түлік дағдарысына алып келді. Бұл пікірді ҚР Сауда және интеграция министрлігі сауда комитеті төрағасының орынбасары Айдар Әбілдабеков ортаға салды.

«Азық-түлік бағасының өсімі Еуропа елдерінде де байқалады. Мысалы, Францияда инфляция 5,1 пайыз – рекордтық көрсеткішке жетті. Баға өсімінің әлемдік үрдісі Қазақстанда азық-түлік бағасы өсуінің факторы болып отыр. Биыл азық-түлік бағасы өсімінің әлемдік тенденциясы Украинадағы жағдайға да байланысты. Сонымен қатар Ресейге салынып жатқан санкциялардың салдарынан әлем елдеріне жеткізілетін тауарлар тізімі бұзылды. Салдарынан әлемдік деңгейде азық-түлік дағдарысын туды», – деді Айдар Әбілдабеков орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында. Оның айтуынша, әлемдік деңгейдегі саясаткерлер мен жетекші экономистер де баға тұрақсыздығын болжап отыр. «Өткен жылы Ресейде жайсыз егіс науқанына байланысты көкөністерге сұраныс артты. Әсіресе картоп пен қырыққабатқа сұраныс жоғары болды. Салдарынан баға өсті. Тағы бір себеп – 2019 жылы Ресей тарапынан қырыққабатқа сұраныс жоғары болды, соны ескерген біздің бағандар 2020 жылы көп көлемде қырыққабат екті. Өздеріңіз білетіндей, 2020 жылы пандемия басталып, шекаралар жабылды. Салдарынан өнімнің біразы далада қалды. Сәйкесінше 2021 жылы қырыққабат аз егілді, аз болған соң сұраныс қайта артты. Осы жағдайдың бәрі баға тұрақсыздығына алып келді», – дейді ол.

«Адырна» ұлттық порталынан, «ҚазАқпарат» сайтынан алынды.

КІТАП – АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

Жыл сайын сәуір айында Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасында балалар кітабының апталығы өтеді. Бұл апталықтың мақсаты – балалар әдебиетін насихаттап, балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру болып табылады. Биыл кітап мерекесіне 55 жыл толып отыр.



Осы мерекеге байланысты апталықтың бірінші күні қаламыздағы мектеп оқушылары арасында «Мен оқыған бір кітап» атты эссе байқауы өткізілді. Байқауда оқушылар эссе жазып және оқыған кітаптар туралы әңгімелеп берді. Әділқазылар қызметін Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Г.Шахманова, №5 мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі А.Кенпейілова атқарды. Шара басында кітапханашы «Халықаралық балалар кітабы күні» мерекесінің тарихына тоқталып, кітап мерекесінің аталып өтіп келе жатқанына 55 жыл болғанын атап өтті. Әділ қазылардың шешімі бойынша I-орынды №16 мектептің 9 «В» сынып оқушысы А. Шаяхмет, 2-орынды №27 мектептің 7 «Б» сынып оқушысы М. Рахимжан, 3-орынды №4 мектеп гимназиясының 7 «А» сынып оқушысы І. Орман жеңіп алды. Барлық оқушылар белсене қатысқандары үшін сыйлық және Алғыс хаттармен марапатталды.

Балалар жазушысы Ж. Сәкәвтің туғанына 90 жыл толуына байланысты және оның «Бақ-бақ» кітабы бойынша мәнерлеп оқу өткізілді. Онда балалар жазушының өмірбаянын, шығармашылығын, өлеңдерін мәнерлеп, нақышына келтіре оқып шықты.

Сонымен қатар, оқушыларға осы кітап бойынша сұрақтар қойылды және балалар өз ойларымен бөлісті.

Осы апталық аясында әлемдегі танымал француз жазушы А. Дюамның туғанына 220 жыл толуына орай «Үш ноянь» кітабына талдау өтті. Талдау іс-шарасында қатысушылар оның шығармашылығы мен өмірбаянынан қызықты мәліметтер алып, осы шығарманың үзіндісін тамашалады. Кітап апталығы балалар жазушысы Эдуард Успенскийдің 85 жылдығына орай ұйымдастырылған «По страницам книг» атты әдеби мозаикамен аяқталды. Кітапханашы оқушыларға балалар жазушысы Э. Успенскийдің шығармашылығымен таныстырып, оның ертегі кейіпкерлері «Қолтырауын Гена және достары» бойынша викторина өткізіліп, оқушылар белсене араласып, жоғары деңгейде жауап берді. Одан кейін балалар Э. Успенскийдің кітабынан «Федор ағай, ит және мысық» ертегісі кейіпкерлерінен сөзжұмбақ шешті.

Апталыққа арнайы «Кітап – әлемнің жарышы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқырмандар өз ризашылықтарын білдірді.

М. ҮРПШ,
кітапхана әдіскері.



ЕЛГЕ ТҰТҚА – ТАТАНБАЙ

(Татанбай баба деректері)

Ұлтты ұйыстыруға, елдің рухын оятуға бағытталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Жезқазған – Ұлытау аймағында өмір кешіп жатқан Базаналы атаның бір тармағы Жылкелді руының бастамашыл тобы соңғы бір-екі жыл ішінде бірқатар ілкімді істерді атқарды. Жылкелді руының тарихы мен шежіресі жаңадан кітап болып басылып таратылды. Сәтбаев қаласында Бабыр бабамызға ескерткіш орнатылды. Бұланты өзені бойындағы қалмақ-қазақ шайқасы өткен Үйтаста Жылкелдіге де ескерткіш-белгітас қойылды. Базаналы болысы болған Бабыр бабамыздың аты берілген Жезқазған қаласындағы көшеге белгі қою, айналасын абаттандыру жоспарлануда. Бабыр биді аманатқа қойған жерге ескерткіш белгі қою да алдағы күндердің міндеті болып отыр.

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында тағы да бір атқарылған шаруа Жылкелдінің немересі Татанбай бабамыздың қорымын қоршау, айналасын абаттандыру жұмыстары болды. Ұлытаудағы тарихи орын – Ханордадан бір шақырым жердегі биік төбеде Татанбай бабамыз өзінің ұлы Жанатпен бірге мәңгілік мекен етіп жатыр. Қорымның айналасы қоршалып, ішкі-сыртқы жолдары табиғи таспен көмкерілді. Осы сауапты іс баба ұрпақтарының күшімен атқарылды.

Татанбай Бектемірұлы XVIII ғасырдың соңы XIX ғасырдың басында өз ортасында белсенді өмір сүрген, ағайынға сыйлы, озық ойлы тұлға болған. Жер дауы мен жесір дауы, ағайын арасындағы кикілжіндер Татанбай бабамыздың араласуымен шешіліп отырған. Ел арасында мына бір тәмсіл жні айтылады: әкесі Бектемір қартайған шағында балаларын жинап, аманатын айтып, сонан соң ұл-

дарына енші бөліп беріпті, сонда бес ұлдың біреуі өзіне тиген еншіге көңілі толмай, реніш білдіреді. Осы кезде Татанбай бабамыз: «Маған мал-мүлік қажет емес, менің еншімді осы ағам алсын, маған ақ батаңызды берсеңіз болды», – деген екен. Бектемір бабамыз риза болып, ақ жүрегінен шыққан дуалы батасын берген дейді көнекөздер. «Батаменен ел көгереді» демекші бүгінгі күні Татанбай бабамыздың ұрпақтары өсіп-өнген жұрт. Жезқазған – Ұлытау өңірінде 300-ден артық отбасы түгін түтетіп отыр. Олардың арасынан елге еңбегі сіңген тұлғалар өсіп өнді. Олар ел басқарған тұлғалар – Жәпек Шаханов, Әшім Саринов, Серік Тілеубаев, Бейсен Жолдыбаев, ғалымдар Жакан Махметов, Мұқанбетжан Әуезов, Кенжеболат Жолдыбаев, патша заманында қажылыққа барып келген Әйтімбет Арқабайұлы, тағы басқалар.

Татанбай бабамыздың мұрдесі Сарлықтан

шығысқа қарай 10 шақырым жерде, дәл Ханорданың түбіндегі үлкен қорымның жанындағы қара төбенің ұшар басына қойылған. Кейіннен жанына үлкен баласы Жанат қойылған. Сол кезде осы екі бабамыздың басына араб қарпімен жазылған көктас орнатылған екен. Осы тас 2001 жылы төбенің етегінен табылып, 2002 жылы осында өткен Жылкелді асында бабалар басына қойылған ескерткіш-құлпытасқа ойып орнатылды.

Бабалар дамылдап жатқан қаратөбенің жанынан ағып жатқан өзеннің аты сол заманнан бері Татанбай болатын. Кеңестік кезеңде өзен аты бірде Қаратап, бірде Тынымбай болып өзгеріске түсті. Өзеннің аты ешқандай даусыз Татанбай атанғанын осы өңірден шыққан халық ақыны Әжиакпар Балқановтың 1945 жылы майданнан жазған «Сағымдым елім, туған жерім» атты өлеңінен көруге болады:

Ешкіөлмес, Арғанаты, Тамдыменен
Татанбай, Айбас бәрі қатар өзен.

Қоғамдық мал мен жанның несібесі
Шығыста Барақ жатыр Қоскөлменен.

(Ә. Балқанов, мамыр, 1945 ж. Берлин).

Патша заманының соңғы кезеңінде қазақ даласында сауда-саттық белсенді дами бастағаны белгілі. Сайын даланы мекен еткен бағаналылықтар Атбасар қаласының базарына мал өнімдерін өткізіп, ақысына мата, киім, азық-түлік алып оты-

рған. Осындай қала шығуды жоспарлағандар сапарының сәтті өтуін ниет етіп, Татанбай бабаның басына қонып барып, жолға шыққан.

Татанбай бабаның жанында жерленген үлкен ұлы Жанаттан тараған ұрпақтар да іргелі жұртқа айналды, ел арасында «сексен бес» деген атпен белгілі. Жанат бабамыз атан түйедей ірі адам болыпты, ел арасында палуандығымен аты шыққан. Татанбайдың Төлеміс, Бабат, Манас атты ұлдарынан тараған ұрпақтар да өңір экономикасына қомақты үлес қосып келеді.

Бала кезімден әжелеріміз бен апаларымыздың Жылкелді деген сөзді айтпай «Амалкелдінің» келіндеріміз деуші еді. Кейін Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның батыс өңірінде наурыз мерекесін Амал мерекесі деп атайтынын, жыл ауысқанда «Амал келді» деп бір-бірімен көрісу рәсімін жасайтынын білдік. Атасының атындағы Жыл сөзін айтпай Амал сөзімен алмастырған қайран аналарымыз-ай. Неткен көрегендік. Қазіргі жас келіндерге сабақ болғай.

Жылкелді немересі Татанбай бабамыз туралы аз ғана деректерді тілге тиек ете отырып, жатқан жері жайлы болып, Алланың нұрына шомыла берсін демекпіз. «Өлі риза болмай тірі байымас»

Файзолла ӘЖІБЕК.

Жезді кенті

Жезқазған қаласы Кеңгір ауылының әкімін сайлау қорытындысы бойынша ХАБАРЛАМА

2022 жылы 10 сәуірде Жезқазған қаласы Кеңгір ауылы әкімінің сайлауы өтті.

Жезқазған қалалық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 9-тармақшасына,

Кеңгір сайлау округі Жезқазған қаласы Кеңгір ауылының әкімін сайлау бойынша

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 1938 азамат енгізілді, олардың 1468-і дауыс берді. Жарамсыз бюллетендер саны – 3, «Барлығына қарсы» деген жолға қойылған белгі – 0.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Саухимов А.Ө. – 1302; Үсенова Г.А. – 163.

Жезқазған қаласы Кеңгір ауылының әкімі болып Алматы Өмірзақұлы Саухимов сайланды, 1985 жылы туған, Жезқазған қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары, Жезқазған қаласында тұрады, «AMANAT» партиясы» ҚБ ұсынды.

44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес, учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде, Жезқазған қаласы Кеңгір ауылының әкімін сайлау нәтижелері туралы қорытындыларын белгіледі:

Жезқазған қалалық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 45-бабына сәйкес 2022 жылғы 14 сәуірдегі шешімімен, 2022 жылы 10 сәуірде Жезқазған қаласы Кеңгір ауылының әкімі болып сайланған Алматы Өмірзақұлы Саухимовты тіркеді.

Жезқазған қалалық сайлау комиссиясы.
Республикалық бюджеттен қаржыландырылған.

«ЖЫЛУ ЖӘНЕ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ КӘСІПОРНЫ» АҚ ХАБАРЛАЙДЫ

«Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ әкімшілігі бекітілген бағдарламаға сәйкес, келесі мерзімдерде, 2021-2022 ж. жылу маусымының аяқталуы бойынша кварталдық және магистралдық жылу жүйелерінің тығыздығына гидравликалық сынақтаулар келесі мерзімдерде өткізілетіні туралы Жезқазған қаласының тұрғындарына жеткізеді.

№3 ЖЫЛУЖЕЛІСІ –

(1, 2, 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 10, 15, 16, 19, 21, 22, 60-кварталдар)

2022 ж. 3 мамырда – кварталдық ж/желілері
2022 ж. 3 мамырда – магистралдық ж/желілері

№11 ЖЫЛУЖЕЛІСІ –

(1-ден 6-шыға дейінгі шағын аудандар, 8, 9, 60, 91-ден 94-шіге дейінгі кварталдар, Бекболатсай (Рыбачий), Қостанкелді (Комбинатский) шағын аудандары)

2022 ж. 18 сәуірде – кварталдық ж/желілері
2022 ж. 19 сәуірде – магистралдық ж/желілері

№9 ЖЫЛУЖЕЛІСІ –

23-ден 33-ке дейінгі кварталдар, 61-ден 69-ға дейінгі, 76-ден 79-ға дейінгі, 80-ден 85-ға дейінгі кварталдар, Асылбеков көшесі, Қарағанды көшесі, Бөгенбай батыр шағын ауданы (п. Пристанционный)

2022 ж. 25 сәуірде – кварталдық ж/желілері
2022 ж. 25 сәуірде – магистралдық ж/желілері

Тығыздыққа гидравликалық сынақтаулар өткізу кезеңіне кәсіпорындардың барлық басшылары, жеке кәсіпкерлер, ПИК, Жезқазған қаласының Бөгенбай батыр шағын ауданындағы (п. Пристанционный), Бекболатсай (Рыбачий), Қостанкелді (Комбинатский) шағын аудандарындағы, 91-94-кварталдардағы жеке тұрғын үй иелері, ішкі жылу жүйелерін басқару тораптарындағы жапқыш жабдықтарды жабулары қажет.

Аталған күндері жылу жүйелеріндегі және басқару тораптарындағы тұтынушылардың қосу мен сөндіру әрекеттерін пайда болған салдарға «Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ жауапкершілік жүктелмейді.

Анықтамалар 74-46-57 телефоны бойынша.

Жезқазған қаласының «ЖСЖК» АҚ әкімшілігі.

АО «ПРЕДПРИЯТИЕ ТЕПЛОВОДОСНАБЖЕНИЯ» СООБЩАЕТ

Администрация АО «Предприятие Тепловодоснабжения» доводит до сведения жителей г. Жезказған о том, что согласно утвержденной программы, будут проводиться гидравлические испытания на плотность квартальных и магистральных тепловых сетей по окончании отопительного сезона 2021-2022 г.г. в следующие сроки:

1. ТЕПЛОСЕТЬ №3

(квартал 1, 2, 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 10, 15, 16, 19, 21, 22, 60)

3 мая 2022 г. – квартальные т/сети
3 мая 2022 г. – магистральная т/сеть

2. ТЕПЛОСЕТЬ №11

(микрорайоны с 1-го по 6-й, кварталы 8, 9, 60, с 91-го по 94-й, – мк-н Бекболатсай (Рыбачий), мк-н Қостанкелді (Комбинатский))

18 апреля 2022 г. – квартальные т/сети
19 апреля 2022 г. – магистральная т/сеть

3. ТЕПЛОСЕТЬ №9

(квартала с 23-го по 33-й, с 61-го по 69, с 76 по 79, с 80 по 85, ул. Асылбекова, ул. Карагандинская, мкрн. Бөгенбай батыр (пос. Пристанционный))

25 апреля 2022 г. – квартальные т/сети
25 апреля 2022 г. – магистральная т/сеть.

На период проведения испытаний по тепловым сетям на плотность всем руководителям предприятий, частным предпринимателям, КСК, владельцам индивидуальных жилых домов в мкрн. Бөгенбай батыр (пос. Пристанционный) мкрн. Бекболатсай (Рыбачий), мкрн. Қостанкелді (Комбинатский), 91-94 кварталов, г. Жезказгана необходимо закрыть запорную арматуру на узлах управления внутренних отопительных систем.


АО «Предприятие тепловодоснабжения» не несет ответственности за последствия, вызванные самовольными действиями потребителей по отключению и включению в узлах управления и на тепловых сетях в перечисленных дни.

Справки по телефону 74-46-57.

Администрация
АО «ПТВС» г. Жезказған

СӨЗЖҰМБАҚ

Құрастырған: Айтжан ӨТЖАНҰЛЫ.



ТІГІНЕН:

1. Құлқын, құмарлық, тәбет. 3. Сүт безі. 11. Автокөрме залы. 13. Хоккей перчаткасы. 14. Газет-журнал дүкені. 15. Тау өзені спорты. 16. Ньютон. 18. Украина өзені. 19. Тұйық дәрі ыдысы. 20. Желтоқсанға қатысқан қыз (1986). 22. Бір қора сиыр. 25. Генератор бөлігі. 27. «Темір канцлер» кім? 30. Әдеби жанр. 31. Мұз добы. 32. Курорт. 33. Айыр тілді жәндік. 34. Ешкі неден жаратылған?

ТІГІНЕН:

2. Өтірікші. 4. Атақты би, шешен. 5. Шай түрі. 6. Қырлы ыдыс. 7. Анаша, көкнәр. 8. Ресей әншісі. 9. Ұлттық спорт. 10. Жезқазған әкімінің бірі. 12. Өнер институты. 17. Қолбұлғау. 18. Қан тапсырушы. 21. Түйенің тезегі. 22. Жабайы жылқы. 23. 6-7 шекті аспап. 24. Хош иіс. 26. Қасиетті ай. 28. Жұп тыныс белгісі. 29. Көңілде, ойнас (син).

ГАЗЕТТІҢ № 13 (8276) САНЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН СӨЗЖҰМБАҚТЫҢ ЖАУАБЫ:

КӨЛДЕНЕҢНЕН: 1. Әсемпаз. 4. Арктика. 8. Инаугурация. 9. Бура. 11. Опель. 12. Атымтай. 13. Тайга. 15. Браун. 16. Спартак. 17. Мұқанов. 19. Масақ. 22. Агора. 24. Қайнаға. 27. Карл. 28. Янки. 29. Комментар. 30. Топырақ. 31. Құсхана.

ТІГІНЕН: 1. Әлеумет. 2. Пынар. 3. Заудит. 4. Аралбай. 5. Кейкі. 6. Апшерон. 7. Қуырмаш. 10. Архиепископ. 11. Океанология. 14. Айрық. 15. Брага. 18. Ибн Сина. 19. Минажат. 20. Қарамық. 21. Ағашаяқ. 23. Атақама. 25. Штопр. 26. Анонс.

БАСПАСӨЗ-2022

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газетіне жазылу жыл бойына жүргізілетінін Сіздердің қаперлеріңізге саламыз.

Жазылуды оңтайландыру үшін көрсетілген байланыс нөмірі арқылы (87778902258, Жаннур Т.) «Каспи голд» картасына жазылу құнын аударып, мекенжайыңызды жазып жіберсеңіз алдағы аптадан бастап газетті алатын бола-сыз.

Құрметпен,
аймақтық «SARYARQA»
газетінің редакциясы



ДҮЙСЕНБІ 18 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 «Másele». 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Ынтымақ ауылы». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледөрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Арпа». 16:05 «Қаныш Қазына». 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq alań». 21:30 «Ынтымақ ауылы». 22:30 «Жат мекен». 23:30 «1001 түн». 0:35 Ақпарат. 1:10 «Ashyq alań». 2:00 «Теледөрігер».

ХАБАР

5:00 Кино «5 причин не влюбиться в казаха» 7:00 «Таңғы хабар» 10:00 Мегахит «Джон Уик» 12:00 «Алпыстан асып барамын» 13:00 «Бөле-

лер». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино «Районы». 18:00 Мегахит «Угнать и продать». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Басқа тақырып». 20:45 «Ерекше бақылауда». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Ана жүрегі». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Сырты бүтін».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «СарарTimes». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «100% махаббат». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Сүлеймен Султан». 02:30 «Ұлым».

ХАБАР

5:00 Кино «5 причин не влюбиться в казаха» 7:00 «Таңғы хабар» 10:00 Мегахит «Джон Уик» 12:00 «Алпыстан асып барамын» 13:00 «Бөле-

СЕЙСЕНБІ 19 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Ақпарат. 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Ынтымақ ауылы». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледөрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 Деректі фильм. 15:40 «Ауылдастар». 16:10 «Шабдалы 18». 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq alań». 21:30 «Ынтымақ ауылы». 22:30 «Жат мекен». 23:25 «1001 түн».

ХАБАР

5:00 Кино «Районы». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит «Угнать и продать». 12:00 «Алпыстан асып барамын». 13:00 «Бөлекер». 15:00 «Боль-

шая неделя». 16:00 Кино «Бизнесмены». 18:00 Мегахит «Осечка». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Другие новости». 20:45 «На особом контроле». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Ана жүрегі». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Менің тағдырым».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «100% махаббат». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Сүлеймен Султан».

СӘРСЕНБІ 20 СӘУІР

QAZAQSTAN

Профилактика 17-00дейін. 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq alań». 21:30 «Ынтымақ ауылы». 22:30 «Жат мекен». 23:30 «1001 түн». 0:35 Ақпарат. 1:10 «Ashyq alań». 2:00 «Ауылдастар». 2:35 «Жәдігер».

ХАБАР

Профилактика 03:00-17:00. 17:00 Кино «Она». 18:00 Мегахит «Нокаут». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Ана жүрегі». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Сырты бүтін».

АСТАНА

Профилактика до 17-00. 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Сүлеймен Султан». 02:30 «Үздік әзілдер». 03:10 «Айтарым бар». 04:00 «Astana times». 04:50 «Келіндер».

КТК

До 17.00 Техническая профилактика. 17.05 «Мерекелік концерт». 17.30 «Тогжан». 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Ozat отбасы». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Другие». 23.40 «Морские дьяволы. Особое задание». 01.30 «Королева бандитов». 02.50 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

БЕЙСЕНБІ 21 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Ақпарат. 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Ынтымақ ауылы». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледөрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Шаңырақ». 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Шабдалы 18». 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq alań». 21:30 «Ынтымақ ауылы». 22:30 «Жат мекен». 23:30 «1001 түн». 0:35 Ақпарат. 1:10 «Ashyq alań». 2:00 «Теледөрігер».

ХАБАР

5:00 Кино «Она». 6:00 «Таңғы хабар». 9:00 Мегахит «Нокаут». 11:00 «Алпыстан асып барамын». 12:00 «Бөлекер». 14:00 «Большая неделя». 15:00 Кино «Бизнес по-казахски». 17:00 Мегахит

«Полночь на зпавоковом поле». 19:00 Қорытынды жаңалықтар. 19:30 «Негізінде». 19:35 «Үкімет». 20:00 Итоги дня. 20:30 «По сути». 20:35 «Ана жүрегі». 21:30 «Түнгі хабар». 23:00 «Сырты бүтін».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан». 16:30 «Келіндер». 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Сүлеймен Султан». 02:30 «Ұлым». 03:10 «Айтарым бар». 04:00 «Astana times». 04:50 «Келіндер».

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Бір кем дүние»,

ЖҰМА 22 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Ақпарат. 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Ынтымақ ауылы». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледөрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Тұлға». Д/ф. 16:00 «Шабдалы 18». 17:00 Ақпарат. 17:15 «Жаңа Қазақстан». 17:40 «Жер төресі». (Кокшетау). 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Ақпарат. 20:30 «Жедел желі». 21:30 «Ынтымақ ауылы». 22:30 «Жат мекен». 23:30 «Көңіл толқыны». 0:00 «Parasat maidan». 0:35 Ақпарат. 1:10 «Теледөрігер». 2:15 «Тұлға». Д/ф.

ХАБАР

5:00 Кино «Бизнес по-казахски». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит «Полночь на зпавоковом

поле». 12:00 «Алпыстан асып барамын». 13:00 «Бөлекер». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино «Бизнес по-казахски в Америке». 18:00 Мегахит «За гранью жизни». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Ана жүрегі». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Сырты бүтін».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Сүлеймен Султан». 02:30 «Ұлым». 03:10 «Айтарым бар». 04:00 «Astana times». 04:50 «Келіндер».

СЕНБІ 23 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:30 Ақпарат. 7:05 «Күй-керуен». 7:40 «Дәурі даналары». Д/ф. 8:40 «Әйел әлемі». 9:15 «Зинһар». 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 13:50 «Әзіл әлемі». 14:50 «Оралу». К/ф. 16:25 Әбдіжаппар Әлжолжанын концерті. 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Ақпарат. 20:20 «Másele». 21:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 22:40 «Жат мекен». 23:40 «Өнер қырандары» театрының концерті. 0:40 Ақпарат. 1:00 «Зинһар». 1:40 «Másele». 2:20 «Әйел әлемі». 2:50 «Ауылдастар».

ХАБАР

5:00 Кино «Бизнес по-казахски в Америке». 7:00

«Няня аға». 8:45 «Әзіл-әзі тану». 9:00 «XXI ғасыр көшбасшысы». 10:00 «Tangy fresh». 10:30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға» Қасым Қайсенов. 11:15 Кино «Коктейль для звезд». 13:00 «Ана жүрегі». 16:00 Кино «Бизнес по-казахски в Африке». 18:00 Хит жазамыз. 19:15 «Маска» 2 маусым. 21:00 «7 күн». 22:00 «Отдел журналистских расследований. Бизнес к делу». 23:30 Концерт.

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Шыңғысхан». 16:45 «Баксы» х/ф. 18:30 «Шаншар». 20:00 «Астана кеші көңілді». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Бизнес по-казахски в Америке» х/ф. 01:20 «Баксы» х/ф. 02:40 «Ұлым». 03:25

ХАБАР

5:00 Кино «Бизнес по-казахски в Африке». 7:00 «Көршілер». 8:45 «Самопознание». 9:00 Концерт. 10:30 «Ғасыр ғұламасы» Халел Досмухамедов. 11:30 «Алпыстан асып барамын». 14:00 «Маска» 2 маусым. 16:00 Кино «Бизнес по-казахски в Корее». 18:00 Мегахит «Линия родства». 20:00 Хит жазамыз. 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:30 Концерт.

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Жаралы сезім» х/ф. 15:10 «Алдараспан». 18:10 «Бизнес по-казахски в Америке» х/ф. 20:00 «SарarTimes». 21:00 «Қара ниет».

ЖЕКСЕНБІ 24 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Ақпарат. 6:45 «Күміс көмей». 7:25 «Talrup». 8:00 «Ақсауыт». 8:25 «Көңіл толқыны». 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 13:50 «Ақшақар мен жеті ергежейлі». М/ф. 15:10 Төреғали Төреәлінің концерті. 16:50 «Күй-керуен». 17:25 «Әйел әлемі». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 «Арпа». 20:50 Деректі фильм. 21:15 «Ән мен әнші». 22:30 «Жат мекен». 23:30 «Ән мен әнші» (жалғасы). 0:30 «Арпа». 1:20 «Күміс көмей». 2:10 «Ақсауыт». 2:30 «Жәдігер».

21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «100% махаббат». 00:50 «Кенже». 02:15 «Жаралы сезім» х/ф. 04:30 «Ұлым». 05:15 «Үздік әзілдер».

МЕНШІК ИЕСІ:
«САРЫАРҚА» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор – бас редактор Әнуар Серікбайұлы ОМАР

БСН 050340007333, ЖСК KZ09856000005225027, БСК КСJBKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС
 Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы сеспке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №569. 08.07.1997 ж.)
 Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.
 Газет редакцияның өз компьютер орталығында теріліп, беттелді. Қарағанды қаласында «Типография «Арқо» ЖШС баспаханасында (Сәтбаев к-сі, 15) офсеттік тәсілмен басылды.
 А – материал ақылы
 МТ – мемлекеттік тапсырыс
 Таралымы – 2447. Көлемі – 6 баспа табақ. Тапсырыс № 14. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.
 100600, Жезқазған қаласы, І. Есенберлин көшесі, 63/3. <http://saryarqa.info> E-mail: sa_jez@ mail.ru whatsapp +7 701 118 88 08
 Директор – бас редактор: 71-07-01, бухгалтерия/факс: 71-00-55

15 СӘУІР – ҚОЗЫ КӨРПЕШ-БАЯН СҰЛУ КҮНІ

«Ғажайып сезім – махаббат деген! Қара тасты қақ жарып шығып, өзіне жол салған қарағайдай, махаббат жаныңның белгісіз бір түкпірінде пайда болады да, жолында тұрған сан бөгетке қарамастан бір жүректен екінші жүрекке жол табады. Кенет, көп адамның ішінен саған біреу ұнайды. Бұны кім, қалай түсіндіре алады? Бар болғаны сен оны сүйесің!... Бұл сұраққа адам баласы жаралғалы әлі ешкім жауап беріп көрген жоқ, сондықтан да мұндай сұрақты қоюдың да қажеті аз. Оған жүрек қана жауап бере алар. Сөз, ақыл – ойға берілген, бірақ оның да айтары жоқ... Алайда, ақыл – ой, жүрек, сезім – бәрі біртұтас». Жазушы Илья Есенберлин адамзатқа тән ең асыл һәм биік сезімді осылайша суреттейді. Иә, расында да махаббат, ғашықтық сезімі екінші бірінші маңдайына жазыла бермейтін аса құдіретті күш екені ақиқат.

15 сәуір – Қозы Көрпеш-Баян Сұлу күні. Елімізде ғашықтардың төл мерекесі саналатын бұл күнді айрықша тосатын жұптардың бірі – Руслан ТӨЛЕН мен Гүлім ҚАРАТАҒАНОВА. Жезқазғандықтардың көбі Руслан мен Гүлімнің жұбын бірідан бері жақсы таниды. Көпке үлгі болып жүрген қос ғашықтың таныстығы да ерекше.

Ғашықсыз өмір өмір ме?!

Руслан – қазақ тілі мен әдебиетінің маманы. Ұлтын, ана тілін айрықша сүйіп, қадір тұтатын Руслан Гүліммен «В контакте» әлеуметтік желісінде танысқан. Келбеті келіскен көркем арудың қараса көз тартарлық жанары жігіт баласын еліткенмен, Гүлімнің қазақша шорқақтығы, көбіне орысша сөйлейтіндігі Русланға ұнамаған. Мұны Гүлім де байқа-са керек-ті. «Сізге тек орысша сөйлейтіндер ұнамайды-ау» деген сөзіне Руслан тарапынан «Иә!» деген жауап алады. Қыз баласына да Русланның түйеден түскендей бұл жауабы аса ұнай қоймағаны сөзсіз. Дегенмен, Руслан ақыры таныстықты бастаған соң Гүлімді кездесуге шақыруға бел байлайды. Осылайша өмірде жүздесіп, бірін-бірі шын ұнатқан ғашықтар бірнеше жыл қыз-жігіт арасындағы сұлу сүйіспеншілікті жалындаған махаббатқа ұластырып, отбасын құруға шешім қабылдайды. Бір-бірін шын сүйген ғашықтар жолы некемен түйіскені қандай ганибет.



Руслан жүрегін өзі сүйген Гүліміне ұсынды. Гүлім жігіт тілегін қабыл алып, ары қарайғы тұмырын осы жігітке арқа сүйеп жалғастыра-рғанды жөн санады. Міне, содан бері 3 жылдан аса уақыт өтті. Бүгінде Руслан мен Гүлім бір ұл, бір қыздың ата-анасы деген ардақты атты иеленіп отыр.

Сыйластығы жарасқан қос ғашыққа біз де бірнеше сұрағымызды қойдық. Соның алғашқысы – «Алғашқы жалындаған сезім отбасылық өмірде жалғасын тапты ма?»

Руслан: Қыз-жігіт болып жүрген кездегі сезім мен отбасы құрғаннан кейінгі пайым-түсінік екеуі екі түрлі екен. Үйленгеннен кейін Гүлімге деген құрметім одан сайын арта түсті. Бұрын оған ғашығым, жүрегімнің жартысы ретінде қарайтын болсам, қазір балаларымның анасы, анама қамқор келін, сыйластығы мол, өзі де дос-жаран, ағайын-туыс арасындағы сыйлы жан ретінде көз тастаймын.

Гүлім: Мен алғаш кездескен сәттен бастап Русланға ер-азамат ретінде сенім артуға болатынын сезіндім. Меніңше, махаббат адамдар қанша қаласа, сонша жасайды. Мен жұбайымды алғашқы кездердегідей жақсы көремін. Қазір тіпті одан да қатты құрметтеп, жақсы көретін болдым.

– Сыңарыңыздың бойындағы қай қасиетті ерекше баалайсыз?

Руслан: Гүлімнің әрдайым күліп жүретіні ұнайды. Сондай-ақ ол бірінші кезекте өзін емес, өзгелердің жағдайын ойлап тұрады. Басқаларды ренжітіп алмау үшін өз эмоциясын ұстай біледі. Қазір оның өз жақындарына қарағанда, алдымен, менің туыстарымның қамын күйттеп тұратынын байқаймын. Сосын менің анамды ерекше құрмет тұтады. Келін ретінде құрақ ұшып жүреді. Сонымен қатар, Гүлім – жанашыр жан. Мені әрдайым іздеп, хал-жағдайымды сұрап отырады. Өзіңді іздеп, жалғанда жаны ашитын адал жарың барын білу – ең үлкен бақыт.

Гүлім: Маған күйеуімнің сабырлылығы қатты ұнайды. Құдай оған байсалдылықты үйіп-төгіп берген ғой. Мен шыдамды, төзімді болып, қай нәрсеге болмасын ақылмен қарап, шешім қабылдауды Русланның үйреніп келемін. Оған қоса Руслан – айналасындағылармен тез тіл табысқыш, мінезі қарапайым адам. Сондай-ақ оның маған ізденімпаздығы, білімділігі, үйренуге құштарлығы, көшбасшылық қасиеттері ұнайды. Мен өз балаларымның әкесіне ұқсағанын қалар едім.

– Қазір көп жастар ата-анадан бөлек жеке тұруды қалайды. Сіздерде бұндай мәселе туындамады ма?

Руслан: Мен үйдегі жалғыз баламын. Оны Гүлім де басынан білді. Сол себепті бұл мәселе артық талқылауға келмейтін еді. Анам – менің әкемнен кейінгі үлгі тұтар адамым. Жалпы анам мен Гүлім ене мен келін ретіндегі сыйластықтың жарқын үлгісін көрсете білді.

Гүлім: Әрине, кез келген қыз баласы үшін отбасылық өмірде ата-енемен тіл табысу біршама қиындық тудырары сөзсіз. Қалай дегенмен бөтен үйге сіңісу оңай емес. Алғашында көп жайтты түсінбедім. Іштей қапаланған сәт-

тер де болды. Әйтсе де, енем мен Русланның көмегінің арқасында көңілдегі түйткіл уақыт ағынымен өздігінен шешілді. Мен Русланның анасын өз анамдай жақсы көремін. Ол кісінің орнықты мінезін, өмірлік тәжірибелерінен үйренерім мол. Балаларымның әжесінің денсаулығы мықты, тұмыры ұзақ болып, ортамызда әулетіміздің иесі мен киесіне айналып отыра бергенін әрбір тілегіме қосып отырамын. Жас қыздар мен келіндерге жұбайының анасын өз анаңның орнына қойып, құрмет тұтуға шақырамын. Өмір өтеді. Өзім де ұл тәрбиелеп отырмаймын. «Атана не істесең, алдына сол келеді», – деген қазақ мақалынан артық кеңес жоқ іспетті.

– Бала тәрбиесінде айтар кеңестеріңіз қандай?

Руслан: Балаларымның болашағы үшін барлық қажеттіні жасағым келеді. Олардың еш нәрседен таршылық көрмей өскенін қалаймын. Өзім ұстаз болғандықтан да, олардың сапалы білім алып, білімді, тәрбиелі ұл-қыз болып өскендерін, елінің тұтқасына айналғанын көргім келеді. Еліміздің дамыған елдер ішінде көш бастағанын, соған менің балаларым да үлес қосуын тілеймін. Болашақта балаларым қандай мамандықты тандап, қай арнаға бет бұрса да қарсылық танытпайтынын анық. Әрине, бағыт-бағдар беруге тырысамыз. Қыз бала тәрбиесіне қаттырақ көңіл бөлгенді дұрыс санаймын. Қызымды өз қасымда, өзім тұратын қалада оқытқым келеді. Алысқа жібергім келмейді. Ал ұлымның сырт қалаларға барып, білім алуына қарсы емеспін. Бәрін уақыт көрсетеді. Бастысы – көзіңнің ағы мен қарасы аман-есен болсын!

Гүлім: Балаларым – бақытым. Мен бақытты анамын. Бала тәрбиесінде әкесі екеуміз ақылдаса шешім қабылдаймыз. Олардың болашағына қатысты армандарымыз өте көп.

– 15 сәуір – Ғашықтар күні. Бұл мерекені қалай тосасыздар?

Руслан: Батыстың былығына сүңгімей, өзіміздің төл ғашықтар күнін атап өткенде тұрған еш әбестік жоқ деп ойлаймын. Мына әлемде махаббат болмаса, өміріміз мәңсіз, тұмырымыз сүреңсіз кейіпке енер еді. Атаулы күнде сыңарыңызбен бірге уақыт өткізген пайдалы болары сөзсіз. Жігіттер қауымына ғашық жандарыңызды қуантып, шағын сыйлық жасауға немесе қиялыңызға ерік беріп, түрлі тосынсыз ұйымдастыруға кеңес берер едім. Бастысы – оған көңіл бөліп, жақсы көретінінзді сездіріңіз.

Гүлім: Бұл күнді барлық қыз баласы ерекше күтетіні рас. Бізге ғашық адамың тарапынан айтылған жылы сөздің өзі ғажайып көңіл-күй сыйлайтыны сөзсіз. Мен де дәмді тамағымды жасап, отағасының бабын табуға тырысамын. Мен оны шын жақсы көремін, ол да мені жүрегіне балайтынын жақсы білемін. Баршаңызға біздің жолымызды берсін деймін! Бес күндік жалғанда сүйген адамыңызбен сырлы да сыйлы тұмыр кешуді тілеймін!

Дайындаған Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҰЛТТЫҚ АТ СПОРТЫ ДАМУ ҮСТІНДЕ

Аты өшкір ковид ауруы басталғалы қазақ халқы той-томалақ пен мерекелік іс-шаралардан бас тартып, біраз қиналып қалғаны шын. Міне, екі жыл деген де әлемді жайлаған індеттің қарқыны бәсеңдеп бірашама шектеу шаралары жеңілдетілді. Той-томалағын сағынған қазақ бөркін аспанға атты. Осылайша биыл екі жыл қатарынан өз деңгейінде атап өтілмеген Наурыз мейрамы жоғары деңгейде тойланды. Қала түлігі ауылдардың өзінде бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылып, киіз үй тігіліп, қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы дәріптеліп, ұлттық ойындардан жеңімпаздар атыстырған соның бір айғағы. Осындай дүбірлі Наурыз тойы Ұлытау ауданына қарасты Борсеңгір ауылында да өтті.

Ауыл жастарының ұйымдастыруымен өткен мерекелік іс-шара таңғы сағат тілі тоғызды соққанда ауылдағы Мәдениет үйінде басталды. Мұнда жиналған халыққа ақ дастарқан жайылып, қазақтың ұлттық тағамдары тартылды. Сахна шымылдығы ашылысымен дәстүр бойынша шашу шашылып, арнайы концерттік бағдарламамен жалғасып, ауыл көшесінде күй күмбірлеп, әсем ән шырылалып жұртшылықтың мерекелік көңіл-күйін көтере түсті. Сондай-ақ, қазіргі уақытта ұмыт болып бара жатқан қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне байланысты қойылымдар қойылып, ерекше сипатқа ие болғандары ауыл әкімдігі тарапынан марапатталды. Бұдан кейін ауыл маңы-



да ұйымдастырылған бәйге мен басқа да ұлттық ойындардан жарыстар өтті. Ұлттық ойынға тігілген жүлде қоры да қомақты болды. Жарыстың қорытындысы бойынша қол күресінен үшінші орынды ауыл тұрғыны Нұрлыбек Әкімбек, екінші орынды Ғабиден Мырзабеков иеленсе, бірінші орынды Ұлытау ауданының азаматы Бауыржан Құрманғалиев еншіледі. Кір тасын көтеруден де осы азаматтың бәсі биік бол-

ды. Көше-көше болып жарысқан арқан тартыстан Қазыбек би көшесі жеңіске жетті. Қой көтеруден ұлытаулық Дәулет Кенжебаев 189 мәрте көтеріп, жүлдені иеленді. Қыз-келіншектер арасында болған сайыстан жүлделі бірінші орын ауыл тұрғыны Құралай Бегелиеваның еншісіне бұйырды. Ал, елдің делебесін қоздырған ат жарысында қорытындысы бойынша Құнан бәйгеден ауылдық Темірғали Мырзабековтің тұлпарлары оза шауып


бірінші және екінші мәре сызығын аттаса, үшінші орын жаңаарқалық Төлеген Исламұлына бұйырды. Топ бәйге бойынша жаңаарқалық Ғалым Төлеуовтің жүйрігі бірінші болып, ауылдық Темірғали Мырзабековтің тұлпары екінші, Баймырза ауылының тұрғыны Жақып Мұқаннұң аты үшінші және төртінші орында келді. Тай бәйгеден борсеңгірлік Темірғали Мырзабектің тайы жүйрік деп танылса, екінші орын ауылдық Серікболсын Тұралының қанжығасына байланды. Ал, жаңаарқалық Мираас Амандық пен Толсын Бергенов үшінші және төртінші орынды өзара бөлісті. Борсеңгір ауылында өткен дүбірлі той осылайша аяқталып, халық мәре-сәре болып үйлеріне тарқасты.

Айта кететін қуантарлық тағы бір жәйт, қазақтың ұлттық ойындары мен салт-дәстүрін дәріптеген осындай маңызды зор іс-шараларды ұйымдастыру қазіргі уақытта ауылдық жерлерде қарқын алуда.

Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Saryarqa» газеті «Қыз өссе – елдің көркі» атты сұлулар байқауын ұйымдастырады. Байқауда 18-35 жас аралығындағы сәні мен сымбаты келісті, өз кәсібінде биіктен көріне білген пәзікжандылар бақ сынап алады. Әр ай сайын газет бетіне суреті жарияланған арулар арасында «Saryarqa» газетінің сайты мен фейсбук және инстаграм әлеуметтік желілерінде публикациялар жарық көріп, лүпіл (лайк) санымен жеңімпаз анықталады. Жыл соңында ең көп лүпіл жинаған сұлуларға жеңілді орындар тағайындалып, кәделі сыйлықтар табысталады болады. Байқауға қатысушылар бет-әлпеті, бойы анық көрінетін сапалы фотолары мен өздері туралы қысқаша ақпаратты sa_jez@mail.ru электронды мекен-жайына немесе 8 777 457 31 72 уатсап нөміріне жолдай алады.



Қыз өссе – елдің көркі

Гаухар ЖАНДАРБЕК

03.10.1987 жылы дүниеге келген. Ұлытау ауданының Егінді ауылында дүние есігін ашқан ол бала күнінен денсаулық сақтау саласында кызмет етуді армандады. Адамдармен тез тіл табыса білетін ол мейірбике мамандығын таңдады.

Бүгінде Жезқазған көпбейінді ауруханасында еңбек етеді. Науқастардың тәні мен жанын да емдеуге күш салып, көмек қолын созуға асығатын Гаухардың мақсаты – халқына аянбай қызмет етіп, ұлт денсаулығының мықты болуына үлесін қосу.

Аяулым СЕРІК

02.12.1998 жылы дүние есігін ашқан. Аяулым жастайынан өнер саласына жақын болды. Қаламыздағы №1 ЖББМ-н жақсы оқып тәрбиеленгеннен кейін мамандық таңдауда ұзақ ойлан-ды. Ата-анасының ақыл-кеңесімен алысқа бармай Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына оқуға түсті. Университет табалдырығында қоғамдық шараларға белсене қатысып, өзін биілік қырынан танытты. ЖОО-ны тәмамдағаннан кейін Аяулым Миңбұлақ аулына тұрмысқа шықты. Алғашқы еңбек жолын ауыл мектебінде мұғалім болып бастады. Аяулым бүгінде бір қыздың анасы.

